



Орта Азиядағы су мәселесі

ҚАЗІРДЕН ШЕШУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

3


БІЛІМ



1-СЫНЫПҚА 30 МЫҢНАН АСТАМ БАЛА БАРАДЫ

5

АСЫҚ АТУ



БАС ЖҮЛДЕ – АВТОМОБИЛЬ

6

МӘДЕНИЕТ



ӘЛЕМДІ МОЙЫНДАТҚАНДАР

7

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ДАМУДЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ

Ел-жұрттың тілегі ескеріледі

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласына жұмыс сапарымен келген кезінде қаламыздың гидротехникалық инфрақұрылымымен жіті танысып, бірқатар әлеуметтік нысандарды аралады. Мемлекет басшысы Алматыны дамыту мәселелері жөнінде жиын өткізді. Кеңес кезінде жүйелі шаралар қабылдаудың маңызына тоқталып, су шаруашылығын реттеуді тапсырды. Сапар барысында жұмыссыздық мәселесіне айрықша назар аударылып, кәсіпкерліктің даму әлеуетіне оң баға берілді.

4



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №100 (6393) 22 тамыз, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ПРЕЗИДЕНТ

ЖАҢА БАҒЫТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ресми сапармен Вьетнам Социалистік Республикасына барды



Мемлекет басшысын Ханойдың «Ной Бай» әуежайында Вьетнам Президенті кеңсесінің жетекшісі Ле Кхань Хай және басқа да жоғары лауазымды тұлғалар қарсы алды. Сапар аясында жоғары деңгейде келіссөздер жүргізілді және Вьетнамның іскер топтары өкілдерімен бірқатар кездесу өткізді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Вьетнамға ресми сапары Ба Динь алаңындағы Ұлт қаһармандары монументіне гүл шоғын қоюдан басталды. 1945 жылы 2 қыркүйекте Хо Ши Мин осы алаңда Вьетнамның тәуелсіздігін жариялады.

2

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

22.08.2023

Түнде:

+18+20 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+32+34 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

23.08.2023

Түнде:

+18+20 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+32+34 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



ПРЕЗИДЕНТ

ЖАҢА БАҒЫТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ресми сапармен Вьетнам Социалистік Республикасына барды

(Басы 1-бетте)

Ұлт қаһармандары
монументіне гүл шоғын қойды

Президент Вьетнамның бостандығы үшін күресте қаза тапқан батырлардың және осы елдің ұлт көшбасшысы Хо Ши Миннің рухына тағзым етті. Гүл шоғын қою рәсіміне Қазақстанның ресми делегациясы қатысты.

Президент Во Ван Тхыонг Президент сарайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты салтанатты түрде қарсы алды.

Құрмет карауылының бастығы екі ел басшыларына рапорт беріп, Қазақстан мен Вьетнамның мемлекеттік әнұрандары шырқалғаннан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Во Ван Тхыонг бір-біріне ресми делегациялардың құрамын таныстырды. Содан кейін президенттер келіссөз залына өтті.

Келіссөз барысында сауда-экономикалық, инвестициялық, энергетикалық, көлік-логистикалық, агроөнеркәсіптік және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты дамыту перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы қонақжайлық көрсеткені үшін Во Ван Тхыонгқа алғыс айтып, осы сапарға баса мән беретінін атап өтті.

«Қазақстан Президенті ретінде Сіздің еліңізге алғаш рет сапармен келіп отырмын. Мен бұл сапарыма баса мән беремін. Қазақстанда Сіздің елге және Вьетнам халқына зор құрметпен қарайтынын атап өткім келеді. Вьетнамның экономикалық жетістіктері елдеріміздің ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға берік негіз болады. Біз екі мемлекет арасындағы экономикалық, саяси қатынастарға баса мән береміз және Вьетнамның экономикалық зор әлеуетін және оның халықаралық аренадағы беделін жоғары бағалаймыз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өткен жылдың қорытындысы бойынша өзара сауда-саттық жарты миллиард доллардан асқанына, биылғы алты айдың өзінде 600 миллион доллар болғанына назар аударды. Жыл соңына дейін бұл маңызды көрсеткішті 1 миллиард долларға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысы бүгінгі келіссөздер екіжақты қатынастарды дамытудың жаңа кезеңіне жол ашатынына сенім білдірді.

12 құжатқа қол қойылды

Во Ван Тхыонг екі ел арасындағы ынтымақтастықты жандандыру ісін жоғары бағалап, Қазақстан мен Вьетнамның серіктестігін одан әрі нығайтуға ниетті екенін жеткізді.

«Сіздің елімізге жасаған алғашқы ресми сапарыңыз екі мемлекеттің дәстүрлі достық қарым-қатынасы мен көпжақты ынтымақтастығын жандандыруға тың серпін беретініне сенімдімін. Мен Қазақстанда сапармен болдым. Өте тамаша, ғажап ел, халқының қонақжайлығына тәнті болдым. Вьетнам Қазақстанның дамуын және Сіздің басшылығыңызбен Қазақстан халқының жеткен зор табысын жіті бақылап отыр. Сіздің тәжірибеңіз бен стратегиялық көрегендігіңіздің арқасында Қазақстан одан әрі дамып, әлемдегі және аймақтағы тұрақтылықты сақтауға елеулі үлес қосатынына сенімдімін.

Вьетнам ұлт-азаттық күресі мен мемлекеттің бірігуіне және қазіргі дамуына қазақ халқының көрсеткен жәрдемі ешқашан ұмытпайды әрі алғыс айтады. Біз Қазақстанмен арадағы дәстүрлі достық қатынаста зор мән береміз және еліңізді Орталық Азиядағы маңызды серіктес санаймыз», – деді Вьетнам Президенті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әріптесі Во Ван Тхыонгты Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың Вьетнамға ресми сапары аясында 12 құжатқа қол қойылды.



Қазақстан азаматтары Вьетнамға визасыз бара алады

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Вьетнамға ресми сапары аясында 12 құжатқа қол қойылды.

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты жедел дамыту жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған бірлескен іс-қимылдар жоспары;

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы ұлттық паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісім;

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Мәдениет, спорт және туризм министрлігі арасындағы туризм саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

4. «Сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ (QazTrade) мен Вьетнамның сауданы дамытуға жәрдемдесу агенттігі (VietTrade) арасындағы саудаға жәрдемдесу саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

5. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестиция комитеті мен Вьетнам Социалистік Республикасы Сыртқы инвестиция агенттігі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

6. «Қазпошта» АҚ мен Viet Post корпорация арасындағы электрондық коммерцияны дамыту саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

7. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен VietJet Aviation арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

8. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен Sovico Group арасындағы мұнай-газ жобаларына инвестициялар саласындағы ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы меморандум;

9. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен Sovico Group компаниясы арасындағы транспорттық-логистикалық инфрақұрылымды дамыту саласындағы ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

10. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестиция комитеті мен Crystal Bay Tourism Group JSC арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

11. Microtech DFS Vietnam Company

Limited пен Vela Corporation арасындағы ынтымақтастық туралы келісім;

12. «Хабар» Агенттігі» АҚ мен Vietnam Television арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы ұлттық паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісім жасалды.

Мемлекет басшысы SOVICO Group басқарма төрағасы Нгуен Тхань Хунгты қабылдады. Кездесу барысында энергетика және логистика салаларындағы ынтымақтастықтың перспективті бағыттары талқыланды.

Мемлекет басшысы компания экономиканың түрлі секторында зор тәжірибеге ие екенін атап өтіп, еліміз ірі инвестициялық жобаларды бірлесе жүзеге асыруға мүдделі екеніне назар аударды.

Өз кезегінде Нгуен Тхань Хунг компанияның Қазақстан аумағында сауда-логистикалық орталығын ашуға ниеті барын айтты. Бұдан бөлек, SOVICO компаниялар тобына кіретін VietJet Air лоукостері Қазақстанмен арадағы әуе қатынастарының санын арттыруды жоспарлап отыр.

Президент вьетнамдық компанияның алдағы жоспарларын құптап, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін еліміздің Үкіметі тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетініне сенім білдірді.

SOVICO Group – Вьетнамдағы ең ірі әртараптандырылған конгломераттардың бірі. Компания энергетика, құрылыс, банк және қаржы, авиация салаларында түрлі жобаларды жүзеге асырады. 2022 жылы компанияның табысы 20,6 миллиард долларды құрады.

Энергетика және мұнай-газ химиясы – маңызды сала

Қасым-Жомарт Тоқаев Petrovietnam компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Хоанг Куок Вьонгты қабылдады.

Кездесу барысында энергетика және мұнай-газ химиясы салаларындағы ынтымақтастық перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы мұнай мен газ өңдеу және геологиялық барлау салаларындағы жобаларды жүзеге асыруға қызығушылық танытқан инвесторларға салықтық және кедендік жеңілдіктер ұсыну мүмкіндіктері бар екеніне назар аударды. Өз кезегінде Хоанг Куок Вьонг Қасым-

Жомарт Тоқаевқа компанияның энергетика және мұнай химиясы салаларында жүзеге асырып жатқан жобалары туралы баяндады.

Petrovietnam – Оңтүстік Шығыс Азияның мұнай-газ өнеркәсібіндегі басты ойыншылардың бірі. Активтерінің жалпы құны 40 миллиард долларға бағаланады.

Президент Вьетнам Премьер-министрі Фам Минь Чиньмен кездесті

Кездесуде Мемлекет басшысы Президент Во Ванг Тхыонгпен нәтижелі келіссөз жүргізгенін және оның барысында екіжақты ынтымақтастықтың негізгі бағыттары талқыланып отырғанын атап өтті.

«Бүгін таңертең Президент Во Ванг Тхыонгпен өте нәтижелі келіссөз жүргіздім. Біз көптеген саладағы қарым-қатынастарымыз бен ынтымақтастығымызды нығайтуға ықпал ететін өте маңызды уағдаластықтарға қол жеткіздік. Сондай-ақ, Вьетнам кәсіпкерлерімен кездесу өткіздім. Олардың Қазақстан нарығындағы қызметін қолдауға дайынмын. Біз елімізде вьетнамдық бизнестің ұзақ уақыт жұмыс істеуіне шын мәнінде мүдделі болғандықтан көмек көрсетеміз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бүгін қол қойылған Сауда-экономикалық ынтымақтастықты жедел дамыту жөніндегі үкіметаралық бірлескен іс-қимылдар жоспары сауда, инвестиция, технология, ауыл шаруашылығы, транзит және туризм сияқты маңызды салалар бойынша екі елдің өзара байланыстарын жандандыруға ықпал ететін негізгі құжат болатынына сенім білдірді.

Вьетнам Премьер-министрі Фам Минь Чинь Қасым-Жомарт Тоқаевтың сапары Қазақстан мен Вьетнамның екіжақты ынтымақтастығына тың серпін беретінін атап өтті.

«Екі тарап қол қойған құжаттар мен келісімдер келешекте ынтымақтастығымызға берік негіз болады. Сізбен Қазақстан мен Вьетнамның саясат, дипломатия, инвестиция және сауда салаларындағы қарым-қатынасын одан әрі дамытып, тереңдету жолдарын талқылауға мүдделіміз», – деді Фам Минь Чинь.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Деректер akorda.kz
сайтынан алынды).



САРАПТАМА

ОРТА АЗИЯДАҒЫ СУ МӘСЕЛЕСІ:

ҚАЗІРДЕН ШЕШУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Еліміздің географиялық орналасуы көптеген артықшылықтарға ие. Алайда, дәл осы географиялық орналасуымыздың тиімсіз тұстары да бар. Түрлі жерасты байлықтарына бай әрі Орта Азиядағы ең үлкен территория су ресурстарына бай емес. Мол су көздерінің басым көпшілігі траншеикаралық өзендер арқылы көршілес Ресей, Қытай, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан территорияларынан ағып келеді. Айтарға болмаса, елімізде су ресурсына қатысты мәселе жылдан-жылға тереңдеп барады. Ең қиыны, ғаламдық климат өзгерісі біздің бұл мәселемізді тіпті де ауырлата түсуде. Өткен аптада Қырғызстанның елімізге кіретін егіс суын тоқтатуы қоғамға осы мәселенің өзектілігін қайталай еске түсірді.

Мәселенің табиғи қыры

Орта Азияда су мәселесі болашақта тіпті де қиындап, мемлекеттер арасындағы қайшылықты күшейтетінін көптеген зерттеушілер айтып келеді. Тіпті, аймақта су мәселесі соғыстың себебіне айналады деген де болжамдар айтылған. Ертеректе жасалған бұл болжамның шындыққа жакын екенін, соңғы жылдары анық байқап жүрміз. Бірақ соғыстың бетін аулақ қылсын. Аймақтағы елдер бір-бірімен жакын бауырластығын, мәдени-тарихи ортақтығы негізінде мәселені қақтығыссыз реттеуге қабілетті деп сенеміз.

Дегенмен, біз аталған мәселеге жаһандық климат өзгерісінің әсері де күшейіп келе жатқанын көбірек ескергеніміз дұрыс. Қазір су ресурстарының тапшылығы Еуразиядағы бірқатар мемлекеттердің ортақ мәселесіне айналып келеді. Орта Шығыстағы әйгілі Ефрат пен Тигр дариялары ағып өтетін елдерде құрғақшылық жыл сайын ауырлап, дария суы жылдан-жылға азайып келеді. Ал Иран көп жылдан бері құрғақшылықтың ауыр зардабын көріп келеді. Жалпы Орта Азияны қамтыған осы аймақ Сахара шөлінің әсеріне ұшырап жатқаны туралы көп жылдан бері ғалымдар айтып келеді. Алдағы уақытта Орта Азия елдерінде топырақ шөлейттену тіпті де күшеюі мүмкін деген ғылыми болжамдар да кездеседі. Егер еліміздің Қызылорда, Маңғыстау облыстарындағы, оған қоса Атырау, Ақтөбе



және Ұлытау облыстарының кейбір өңірлеріндегі жаратылыстық өзгерістерге назар аударатын болсақ, аталған ғылыми болжамның растығына көз жеткізе түсеміз. Демек, бұл алдағы уақытта аймақтағы су мәселесінің өзектілігін тіпті де айқындап береді.

Бір қырынан қарағанда, бұл бізге мәселенің салмақтылығын танытса, енді бір жағынан су ресурстарына қатысты проблеманың жеке бізге ғана тиесілі қиыншылық болмайтынын да ұғындырады. Сондықтан, Орта Азия елдері үшін ең түйткілді бұл мәселені аймақтың ортақ тақырыбы деңгейінде қарастыруды қазірден бастап қолға алынуы тиіс.

Мәселенің саяси қыры

Су табиғи ресурс болғанымен, мемлекеттердің мүдде мәселесіне келгенде саясилаң кететіні белгілі. Кей жағдайда Қырғызстанның Қазақстанға кіретін егістік суларын тоқтатуында саяси себептердің болатынын да жоққа шығара алмаймыз. Қырғызстаннан келетін су мәселесі талқыланғанда, кейде мәселеге солтүстік көршіміздің қатысы бар деген де сөздер айтылып қалып жатады. Бір кезде қырғыз ағайынның бізден өтетін тауарлары кедендік бақылауда ұзақ тұрып қалған уақытта, анау Талас өзенінің біздің аумақтағы ағарында су азайып кетті дегендей. Қыл қысқасына келгенде Қазақстанның әлсіз тұсы ретінде көршілеріміз суды өзінің саяси мақсаттарына пайдаланғысы келіп қалатыны рас.

Бұнымен бірге мына бір мәселені назарға алуға тура келеді. Қазір қырғыз қоғамында «суды тауар ретінде сату» деген ұсыныстар қайта көтеріліп жатыр. Бұл алғаш КСРО ыдыраған кездерде бір рет көтеріліп, кейін тоқтап қалған тақырып еді. Айтатын уәжі «Біз суды тауар ретінде сатып беруіміз керек, олар да бізге газды тегін бермейді ғой» дегенге жақын. Ерте кездері Турдакун Усубалиев сынды саясаткерлері Жоғорғы кеңеште «су тауар болсын» деген бастаманы көтерген.

Дегенмен, бұл жолы жағдай басқаша болғандай. Қырғызстанның Ауылшаруашылық министрлігі ресми мәлімдемеде Жамбыл облысына берілетін судың лимиті ерте беткенін, оған екі ел арасындағы ресми келісім себеп болғанын айтқаны бар. Яғни екі ел өкілдері 17–19 шілде де кездескен, Қазақстан тарабы Киров су қоймасынан секундына 40 текше метрден 45 текше метрге дейін көбейтуді сұраған. Бұл бойынша лимит жылдағы уақытынан ерте біткен. Бұндағы Киров су қоймасы Талас өзенінің суын жинап ұстайды. Қырғыз тарабының ресми мәліметінде су қоймасының 80 пайыз суын Қазақстан, 20 пайызын Қырғызстан пайдаланып отыр.

Қырғызстанда Орта-Тоғай (Орто-Тогой), Киров немесе Токтағұл (Токтогул) секілді 4 ірі су қоймасы, одан да бөлек шағын су қоймалары болып 34 млрд куб мөлшерінде су сақтап отырады. Бірақ бұл Кеңес дәуірінде бір ғана Қырғызстан үшін емес, көршілес Қазақстан мен Өзбекстанның да ортақ мүд-

десі тұрғысынан жүзеге асырылған жобалар болатын. Мәселе қайдан шығып отыр, мәселе біз сол дәстүрлі күйде осы жобалардың игілігін көре берсек, ортақ игілікке асыра берсек дейміз. Бірақ қырғыз тарабы су мәселесінің барған сайын қиындауына орай өзіндегі артықшылықты кәдеге жаратқысы келеді дегендей. Бұған жаңа саяси себепті алға тартуға тағы болмайды. Қырғызстанның өз ішінде де кейбір аймақта су тапшылығының болып жатқаны шын. Айталық, қырғыз ақпарат құралдарындағы мәліметке сүйенсек, Киров су қоймасының ғана емес, жалпы ел аумағында сақтаған судың тек 20 пайызын ғана жаратып, қалғаны – 80 пайызы Қазақстан мен Өзбекстанға кетеді екен.

Ортақ мәселені
өзімізден бастау керек

Жасырағы жоқ, су мәселесі – еліміздің ең әлсіз тұсы. Бірақ су басында отырған Қырғызстан мен Тәжікстан да мәселенің тек Қазақстан мен Өзбекстанға тәуелді емес екенін ұғынуы тиіс. Сондықтан да қазіргі уақыттағы саяси және өзге де себептерден өрбитін мәселені масштабты деңгейде ортақ шешудің жолдарын қарастыру маңызды. Бұл үшін аймақтағы бес ел ауылшаруашылығына суды тиімді пайдаланудың ортақ үлгісін енгізуі тиіс. Айталық, тамшылатып суару секілді тәсілдерді бір ел емес, өңір елдері бір уақытта дамытқанда өнімін көруге болады. Тіпті, қажет жағдайда аймақ елдерінің ауыл шаруашылығында осындай технологияны енгізуге ауқымды инвестиция тартуға да әбден болады.

Бұған қоса, ауылшаруашылығынан тартып тұрмыста суды және энергияны пайдаланудың ең үнемді жолдары енгізілуі қажет. Айталық, әлеуметтік орындардан бастап су мен жарықты тек пайдаланған кезде ғана қосылатын сенсорлы жүйелері жаппай енгізілсе де, бұның өзі миллиондаған текше метр су мен миллиондаған киловатт жарықты үнемдеп қалады. Қазақстан болашақтағы осы бір қиын мәселені шешуді қазірден бастап қолға алуы, энергия мен ресурстарды үнемдейтін жүйелерді енгізуде бастамашы болуы тиіс.

Әрине, болашақтың мәселелерін үшін қазірден бастап тиімді шарттарды қалыптастыру үшін басқа бағыттарда да басымдықты сақтап отыру бәрінен маңызды.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



БАЙЫПТАМА

ҚАЗАҚСТАН–ВЬЕТНАМ САУДА ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым–Жомарт Тоқаев 20–22 тамыз аралығында мемлекеттік сапармен Вьетнам Халық республикасына барды. Сапар барысында сауда-экономикалық байланыстардың нығаюы күтілуде. Айта кететіні, мемлекеттік сапарға бұдан бұрын 11–13 маусымда баруы керек еді. Алайда, Абай облысындағы орман өрті оны кейінге қалдыруға мәжбүр етті.

ДАЙЫН ӨНІМ АЛЫП, ШИКІЗАТ САТАМЫЗ

Вьетнам сондай-ақ, аграрлы-индустриалды мемлекет. Индустрияландыру мен жоғары технология дамығанына қарамастан ауыл шаруашылық өнімдерін көптеп экспорттайды. Ауыл шаруашылық өнімдерінің ішінде теңіз өнімдері, күріш, кофе, каучук өзге елдерге сатылады. Ал импорттайтын негізгі тауарларға өнеркәсіп өнімдері, мұнай өнімдері, тыңайтқыштар, дәнді дақылдар, мақта, цемент жатады.

Қазақстан бұл жағынан мақта, бидай өнімдерін экспорттауға мүдделі. Бұл туралы биыл 15–17 наурызда Вьетнамда өткен бизнес форумда да айтылды. Сонымен қатар, ауыл шаруашылық тыңайтқыштарын да сатуға мүмкіндігіміз бар. Алайда, екі елдің сауда-экономикалық саясатын жүзеге асыруда біршама кемшіліктер бар.

Біріншіден, тауар айналымы теріс салыоны көрсетуде. Мысалы, былтыр жалпы сауда айналым 525 млн АҚШ долларын құраса, соның 125 млн-ы ғана экспортқа тиесілі. Демек, біз сатқаннан гөрі, көп нәрсені сатып аламыз. Бәрі әрине, бізге тиімді емес.

Екіншіден, біздің экспорттың құрылымы да стратегиялық тұрғыдан әлсіз. Еліміз шикізатты сатып, дайын өнімдерді сатып алады. Бұл кемшілік тек Вьетнам бағытында ғана емес, өзге де елдермен сауда-экономикалық байланыста байқалады.

Сондықтан Үкіметтің алдында екі міндет тұр. Алдымен экспорт көлемін арттыру, қала берді өндіру өнеркәсібін дамытып, дайын өнімдерді сату.

ЭКСПОРТ КӨЛЕМІН АРТТЫРУ ҚАЖЕТ

САТУҒА ДА КЕДЕРГІ КӨП

Қазақстан мен Вьетнам арасында сауда-экономикалық байланысты нығайтуға басты алаң – Еуразиялық экономикалық одақ. 2015 жылы ЕАЭО мен Вьетнам арасында сауда байланысын нығайту мақсатында еркін сауда келісімі жасалды. Ол 2016 жылы күшіне енді. Алайда, ұзақ уақыт өтсе де әлі күнге дейін ауыз толтырып айтатындай өзгеріс жоқ.

Дегенмен, соңғы жылдағы әлемдегі геосаяси жағдайдың нашарлауы, санкциялық текетірес Оңтүстік Шығыс Азия аймағына деген қызығушылықты арттырды. Бұл біздің астықты сататын жаңа нарықты ашуға итермеледі. Ал 100 млн-нан астам халқы бар Вьетнам таптырмас ел. Десе де, мұнда да кедергілер болуы мүмкін. Біріншіден, вьетнамдықтардың негізгі рационның күріш құрайды. Сондықтан нарық үлкен болмайды. Дегенмен, кеспені де көп тұтынады. Соған сәйкес Қазақстанның тек бидайды емес, оны өңдеп, дайын өнім – кеспелерді экспорттауына болады.

Екінші сұранысқа ие тауар – бұл мақта. Мақтаны да кең көлемде экспорттауға болады. Алайда, елімізде мақтаның өнімділігі төмен. Себебі, мақта суды қажет етеді. Ал ауызсу мен шаруашылық су мәселесі өршіп тұрған біздің ел үшін мақта экспортын арттыру қиын болмақ.

Дегенмен, ең басты кедергі ЕАЭО-ға мүше елдердің экспорт құрылымы бірдей болуында. Бұл жерде Вьетнам сияқты нарыққа бәсеке болуы мүмкін.

ҮЛГІ АЛАР ТҰСЫМЫЗ КӨП

Ел экономикасының негізгі қозғаушы күші – халқы. Биыл халқының саны 100 млн-нан асты. Елдегі жұмыс күші көп, әрі арзан. Сондықтан инвестициялық жағынан тартымды.

Сыртқы инвестициялық тартымдылық жайлы елге тартыл-

ған инвестиция көлемі айтып бере алады. Вьетнамның Жоспарлау және инвестиция министрлігінің мәліметінше 2022 жылы инвестиция көлемі 27,7 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл жағынан Вьетнам әлемнің үздік 30 елі қатарында. Мысалы, 2019 жылғы Бүкіл әлемдік банктің сыртқы инвестиция тарту рейтингінде 22-орынды иеленген. Ол кезде инвестиция көлемі 15,5 млрд АҚШ долларын құраған.

Инвестицияның басым көпшілік сала бойынша тартылуы, ел экономикасының әртараптанғанын (диверсификация) көрсетеді. Мысалы, 2022 жылы ұлттық экономикадағы 21 саланың 19-ына сырттан инвестиция салынған. Жалпы инвестицияның 60%-ы өңдеу өнеркәсібіне тиесілі. Одан кейінгі орында жылжымайтын мүлік саласы. Мұнда 4,5 млрд АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылған. Сондай-ақ, электроқұрылғылар өндірісі мен ғылыми-техникалық салаға инвестиция көп салынған.

Қала берді елдің инвестициялық саясаты тек елге қаражат алып келумен шектелмейді. Мұнда жоғарыда атап өткеніміздей, инвестициялық диверсификацияға мән береді. Сонымен қатар, инвестицияның жаңа жобаларға (стартаптарға) салынуына мән беріледі. Мысалы, өткен жылы көтерме және бөлшек саудаға тартылған инвестицияның 30%-ы стартаптарға салынған. Сол сияқты, өңдеу өнеркәсібінің 25%-ы және кәсіби ғылыми-техникалық саланың 16%-ы – стартап.

Жалпы, елге өткен жылы 108 елден инвестиция тартылған. 2022 жылғы мәлімет бойынша елге ең көп инвестицияны Сингапур құйған. Одан кейін Оңтүстік Корея, Жапония, Қытай елдері. Елдің инвестициялық саясатында Оңтүстік Кореяның рөлі басым. Себебі, капиталдың басым бөлігі жаңа өндіріске, стартаптарға бөлінеді.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





ШАҢАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ДАМУДЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ

Ел-жұрттың тілегі ескеріледі

Айнабай
МӘДИ

(Басы 1-бетте)

Әлбетте, мегаполис экономикасына сауда және өңдеу өнеркәсібінің қосқан үлесі қомақты. Шаһарда тау туризмін, тау кластерін дамытуға да мүмкіндік мол. Қала жолдарын ағымдағы жөндеу, инженерлік желілер салу мен жаңғырту, халықтың әлеуметтік осал топтары (ХӨОТ) санатын қолдауды жергілікті жерде жүзеге асыру әлдеқайда тиімді екеніне көз жеткізілді.

Алматыны тиімді, жайлы қоғамдық көліксіз көзге елестетудің өзі мүмкін емес. Қаладағы ТКШ-да тарифтің өсуі секілді күн тәртібіндегі сан алуан өткір мәселелер Мемлекет басшысымен болған кездесу кезінде ортаға салынып, оны шешу жолдары талқыланды.

38 мың жаңа жұмыс орны ашылды

Бұған инвестициялар ағыны мен іскерлік белсенділіктің өсуі дәлел. Бұл туралы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа есеп беру барысында мәлімдеді. Осыған байланысты еңбек нарығындағы жағдай да өзгеруде: 38 мың жаңа жұмыс орны ашылды. Айта кетерлігі, аталған жұмыс орнының 67%-ы тұрақты.

Сауда және өңдеу өнеркәсібі мегаполис экономикасына үлкен үлес қосуда. Соңғысы – тікелей шетелдік инвестициялар үшін ең тартымды сала. Шетелден өңдеуші өнеркәсіпке салынған инвестиция 2 есеге өсті. Бұл ретте жалпы жергілікті компаниялардың негізгі капиталына инвестициялау сомасы 752 млрд теңгеге жетті.

Туристік сала қызметкерлері бейіндік оқытуға жіберіледі

Бұл ретте басым міндеттің бірі – мегаполис қонақтары үшін көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру. Қала әкімі осы мақсат аясында 2023 жылы 1000 сала қызметкерінің ағылшын тілі мен қонақжайлылық негізі бойынша білім алатынын атап айтты.

«Тау туризмін дамытуда үлкен тәжірибесі бар халықаралық компаниялар консорциумымен («Horwath HTL және PGI») бірлесіп, сіз берген тапсырманы ағымдағы жылдың соңына дейін аяқтай келе, тау кластерін дамытудың шеберлік-жоспарын әзірлеу жүргізілуде», – деп мәлімдеді Ерболат Досаев.

Жұмыс тиімділігін арттырады

Аудандық әкімдіктерге өкілеттіктерді беру олардың халықпен жұмысының тиімділігін арттырды.

Халықтың мәселелерін сапалы және жедел шешу өкілеттік пен жауапкершілікті сауатты бөлу арқылы мүмкін болады. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Бюджет кодексіне өзгерістер енгізіліп, азаматтармен өзара іс-қимыл бойынша 15 міндет (функция) қалалық деңгейден аудандық деңгейге берілді.

Мәселен, жолдарды ағымдағы жөндеу, инженерлік желілерді салу мен жаңғырту, ХӨОТ санаттарын қолдау мәселесі – Алматының 8 аудандық әкімдігінің қарауында.

Шаһар басшысы берілетін міндеттерді тиімді жүзеге асыру үшін 8 аудан әкімдігінің штат саны 152 бірлікке, соның 96-сы қалалық басқарма есебінен ұлғайтылғанын айтты. «Жаңа өкілеттікке сәйкес, аудан әкімдіктерінің бюджеті 3 есеге өсіп, 183,3 млрд теңгеге жетті. Алматы қаласының әкімі осы жылдың соңында жаңа міндеттерді аудандық деңгейге беру анықталатынын айтты.

Қозғалыс жылдамдығын арттырады

Шаһар басшысы Ерболат Досаев Қазақстан Президенті



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа есеп беру барысында Алматының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарында қарастырылған мегаполистің көлік құрылымын әзірлеу туралы баяндады. Ол қоғамдық көлік желісімен біріктірілген 5 жаңа полиорталықтарды құруды көздейді.

Ерболат Досаев: «Болашақ көлік құрылымының негізі халықтың 75%-ы үшін жаяу жүргіншілерге қолжетімді жылдамдықты қоғамдық көлік – метро, LRT мен BRT болады. Бұл жолаушылардың қозғалыс жылдамдығын 20–30%-ға арттыруға мүмкіндік береді», – деді.

Алматы қаласының әкімі жүрдек көлікті дамыту есебінен қалалық маршруттарға жүктеме тұтастай төмендейтінін атап өтті: олар негізгі емес, тасымалдаушы рөл атқара бастайды, бұл ретте қозғалыс аралығы қазіргі 30-дан 5–10 минутқа дейін төмендейді. Жоспарланған өзгерістерді ескере келе, 2025 жылы күнделікті жол жүру санының 1,4 млн-нан 1,7 млн-ға дейін өсуі күтілуде.

Қоғамдық көліктерде ауысып отыру тегін болады

«Алматыда көлік құрылымын дамыту жөніндегі шеберлік-жоспарды бекіту билығы желілік жоспарланған. Бұл оқиға базалық инфрақұрылымды қалыптастырудың бастапқы нүктесі болады», – деп хабарлады Ерболат Досаев Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа есеп беру барысында.

Шаһар басшысы бірінші кезеңде 2024 жылы Райымбек даңғылындағы BRT пилоттық дәлізінің құрылысы басталады, сондай-ақ екінші көлікке тегін ауысып отыруға мүмкіндік беретін жаңа тарифтік баға енгізілетінін ескертті.

Екінші кезең барысында, 2025-2026 жылдары LRT көлік дәліздерінің саны 10-ға дейін ұлғаяды, ұзындығы 26 шақырым болатын бірінші LRT желісін іске қосады. Ол желі батыс жақтан қала орталығына барады. «Алматы-1» және «Алматы-2» теміржол бекеттері жерүсті метрополитенін қосады.

Көлік желісін дамыту трафикті тиімді басқаруға арналған құралдардың болуын болжайды. 2025 жылы қалалық магистральдар, қоғамдық көлік пен «ақылды» бағдарламалар біріктірілетін зияткерлік жүйені іске қосу жоспарлануда.

Дизельді автобустарды сатып алуға тыйым салынады

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа мегаполисте қоғамдық көліктің экологиялық түрлеріне толық көшуі бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатқанын былайша жеткізді: «2023 жылы 1430 бірлік экологиялық көлік жеткізіледі, соның ішінде жергілікті бюджет есебінен 600 автобус пен 100 троллейбус сатып алынбақ. Жеке тасымалдаушылар 730 автобус, оның ішінде 30 электробус сатып алатын болады. Келесі жылдан бастап дизельді автобустарды сатып алуға тыйым салынады». Аталған шаралардың қоғамдық көліктің экологияландыру деңгейін ағымдағы жылдың өзінде-ақ 60%-ға, 2025 жылға қарай 100%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік беретінін байқағандаймыз.

Жабдықтау желілерінің тозуы төмендетіледі

ТКШ қызметтеріне тарифтің өсуі коммуналдық желілердің тозуын жыл сайын 2%-ға дейін төмендетуді қамтамасыз етеді. Қаланың коммуналдық инфрақұрылымын жаңғырту алматылықтардың жайлы өмірін қамтамасыз етуге бағытталған. Инженерлік инфрақұрылымның ағымдағы тозуы ТКШ-да тұрақты апаттарды, әрі басқа да келесіздіктерді тудырады. Коммуналдық қызметтер құнының шамалы өзгеруі есебінен «Инвестицияларға айырбастау тарифі» бағдарламасы коммуникацияларды жөндеу мен ауыстыру бойынша қажетті жұмыстарды жүргізу үшін қаржыландыруды ұлғайтуды білдіреді.

«Біз жыл сайын жылумен жабдықтау желілерінің тозуын 1,7-2%-ға (2027 жылы 49%-ға дейін), сумен жабдықтау желілерінің тозуын 1,6%-ға (49%-ға дейін) және электрмен жабдықтау желілерінің тозуын 1,2%-ға (59%-ға дейін) төмендетуге ниеттіміз», – деп атап өтті Алматы қаласының әкімі ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа есеп беру кезінде.

Ерболат Досаев билік ХӨОТ санатындағы топтары үшін тарифтің өсуін өтеу тетігін қарастырғанын атап өтті. Мәселен, 2023 жылдың соңына дейін 315 мың алматылық коммуналдық қызметтер құнының 100%-ға жуық өсімін жабатын төлем ала алады. Бұл мақсаттарға бюджетке 3,3 млрд теңге салынды.





БРИФИНГ

1-СЫНЫПҚА 30 МЫҢНАН АСТАМ БАЛА БАРАДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Алматы қаласы білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева қала мектептерінің алдағы жаңа оқу жылына дайындығы барысы туралы әңгімелеп, БАҚ өкілдерін хабардар етті.

«Мектеп автобусы» жобасы басталады

– Алматыда биыл алғаш рет мектеп табалдырығын 30 146 бала аттағалы отыр. Сондай-ақ, 3789 бала жекеменшік мектептерге барады. Оқу жылы қарсаңында «Қайрат» ықшамауданында 1500 орынды №211 мемлекеттік мектеп ашылғалы отыр. Сонымен қатар, 12 мемлекеттік мектепте күрделі жөндеу жүргізіліп жатса, 178 мектепте ағымдағы жөндеу жүргізілді. Орта білім беру ұйымдарында пәндік кабинеттердің 75,6%-ы жаңартылып, 847 пәндік кабинет (химия, физика, биология, оның ішінде 640 кабинет заманауи жабдықтармен (жаңа модификациямен) жарақтандырылды. Сонымен қатар, 75 STEM және робототехника кабинеттері сатып алынды, – деп бастады сөзін Ләззат Жылқыбаева. Сонымен қатар, жан басына шаққандағы қаржыландыру барысында тағы 147 кабинет, оның ішінде: 34 химия, 31 физика, 39 биология, 23 STEAM және 20 робототехника сатып алынғанын, бұл жаратылыстану-математикалық цикл пәндері бойынша оқытуды бағдарлауға мүмкіндік бергенін айтты.

– Осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап «Мектеп автобусы» жобасы басталады. Бұдан бұрын біз мектепке баратын жолы қиын 1–11-сынып аралығындағы балаларды тасымалдау қажеттілігі туралы айтқанымыз естеріңізде болар. Мұндағы жалпы тасымалдау қажеттілігі 12 500 баланы құрап, бүгінгі күні 100 мектеп автобусы сатып алынды. Олардың (сыйымдылығы 21 орынды 50 автобус және 40 орынды 50 автобус) автобустар. Биыл біз қаланың 7 ауданындағы 30 мектептен 7722 баланы тасымалдағалы отырмыз. Ол үшін Тасымалдау қызметтеріне бюджетте 1,4 млрд теңге қарастырылған. Оны «АлматыЭлектротранс» мекемесі жүзеге асыратын болады, – деді спикер.

Сонымен, 1 қыркүйектен бастап барлық автобустар балаларды тиісті қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, бекітілген маршруттар бойынша тасымалдауды бастайды. Осылайша «Мектеп автобусы» жобасын іске асыру оқушылардың ата-аналарына көмектесуге, мектеп жасындағы балалардың қауіпсіздігін арттыруға және жол қозғалысы трафигіне жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, барлық автобустарға оқушылардың қауіпсіздігі мақсатында 279 бейнебақылау камерасы орнатылды.

«Мектепке жол» «Жақсылық жаса» ұранымен басталды

– Биыл тағы бір ірі жобаны қолға алып отырмыз. Биылғы жылдың соңына дейін барлық 214 мемлекеттік мектепте полицияның жедел басқару орталықтарымен интеграцияланатын «дабыл түймелерімен» өткізу жүйесімен (турникеттер), өрт қауіпсіздігі жүйесімен, бейнебақылау камераларымен жабдықталған «Кешенді қауіпсіздік жүйесі» енгізілетін болады. Бұл жоба жалпы құны 4,9 млрд теңге болатын үш жылдық сервистік модель шеңберінде қаржыландырылады. Сонымен қатар, екінші

жыл қатарынан қала әкімдігі 1–4-сыныпта оқитын халықтың әлеуметтік осал топтарындағы балаларды тегін тамақтандыру жобасын іске асырады. Тегін тамақпен жалпы қамту 133 мыңнан астам оқушыны құрайды (немесе орта білім беру ұйымдарының жалпы контингентінің 45,3%). Жалпы, 2023 жылға оқушыларды тамақтандыруға 20,4 млрд теңге қарастырылса, бір күндік тамақтанудың құны – 800 теңге, – деді Ләззат Әуезханқызы.

Биыл «Мектепке жол» республикалық акциясы 1 тамызда басталып, 30 қыркүйекке дейін «Жақсылық жаса» ұранымен өтіп жатыр.

Басқарма басшысының айтуынша, «Жалпыға міндетті оқу» қорынан мектеп формасы мен кеңсе керек-жарақтарын сатып алу үшін әр балаға 43 мың теңгеден халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан 15 653 мың баланың ата-аналарының шоттарына түскен (673,1 млн теңге). Сондай-ақ, акция аясында осы санаттағы балаларға демеушілер есебінен де көмек көрсетіліп жатыр. Ол үшін оқу орны бойынша білім беру ұйымына өтініш беру қажет. Сонымен қатар, Алматыдағы 214 мемлекеттік мектепте электронды оқулықтарға жазылу жалғасын табуда, – деді Ләззат Жылқыбаева ӨКҚ брифингінде. Алматыда биыл оқулықтар мен көркем әдебиеттерді сатып алуға 3 млрд 263 мың теңге көлемінде қаржы бөлініп, 11 баспамен 2 млрд теңгеге келісім-шарт жасалды. Қала мектептерінің 303 мыңнан астам оқушысы 2023-2024 оқу жылында 100% тегін оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етіледі.

5 мыңнан астам бала тегін тамақпен қамтамасыз етілетін болады

Басқарма басшысы Алматыда жылдың соңына дейін 6255 орынды 80 балабақша ашылатынын жеткізді. Қазіргі таңда мегаполисте барлығы 919 мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары болса, оларда 79 600 бала (194 мемлекеттік, 725 жеке балабақша) бар. Әлі де 3 жастан 6 жасқа дейінгі мектепке дейінгі ұйымдарға кезекте 18 118 бала тұр. Осы мәселені шешу үшін биыл жергілікті бюджет қаражаты есебінен 6255 орынды 80 балабақша, оның ішінде 5395 орынды 75 жекеменшік балабақша және 860 орынды 4 мемлекеттік балабақша ашу жоспарланған. Бүгінгі таңда 2630 орынды 47 жаңа балабақша ашылды, оның ішінде 300 орынды 1 мемлекеттік балабақша және 46 жекеменшік балабақша бар.

Сонымен қатар, биыл жекеменшік балабақшаларға жергілікті бюджет есебінен мемлекеттік тапсырыс бойынша 5000 орынға қаржы бөлінді, 3801 орынға жекеменшік балабақшаларда мемлекеттік тапсырыс берілді. Жалпы мемлекеттік білім беру тапсырысы 40 995 орынға 635 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымда жасалып отыр.

Осы шаралардың нәтижесінде 3 жастан 6 жасқа дейін балаларды мектепке дейінгі тәрбие және біліммен қамту – 93,5%-ды құраса, жылдың соңына дейін бұл көрсеткішті 95%-ға дейін арттыру жоспарда бар. Биылғы қыркүйектен бастап мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда халықтың әлеуметтік осал топтарының отбасыларынан шыққан 5 мыңнан астам бала тегін тамақпен қамтамасыз етілетін болады. «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын» іске асыру жөніндегі Жол картасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларды орындау шеңберінде Білім басқармасының «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы» жанынан қалалық «Мектепке дейінгі ресурстық орталық» құрылды. Орталықтың басты мақсаты – балабақша тәрбиешілерін әдістемелік сүйемелдеу.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА – ЖАҢА ЖАБДЫҚТАР»

Алматыда 1250 балаға сөмке таратылды

Жаңа оқу жылы қарсаңында ҚМДБ Алматы қаласы бойынша өкілдігі «Жаңа оқу жылына – жаңа жабдықтар» атты қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Қайырымдылық іс-шарасына Алматы қаласының бас имамы Төлеби Дәділұлы қатысты.



Аталмыш іс-шараның бір ерекшелігі – ол дәл бір мезетте Орталық мешіттен басталып, қаланың барлық аудандарындағы мешіттерде жалғасын тапты. Осылайша ҚМДБ бастамасымен дәстүрлі «Мектепке жол» акциясы аясында жаңа оқу жабдықтары салынған сөмкелер табысталды. Мәселен, дәл осы күні Орталық мешітте 500 балаға көмек көрсетілсе, тұрмысы төмен көмекке мұқтаж отбасылардың 750 баласына аудан мешіттерінде имамдар оқу жабдықтары салынған сөмкелерді тарту етті.

ҚМДБ «Зекет және қайырымдылық» қорының Алматы қаласы бойынша өкілдігі ұйытқы болған қайырымдылық шарасына жүрегіне иман тұнған, жомарт жандар демеушілік көрсетті. Жақсылық жасап жарысқан азаматтарға ата-аналардың алғысы шексіз болды.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

ІЗДЕГЕН АДАМ ЖҰМЫС ТАБАДЫ

Алматыдай ірі қалада жұмыс табылмауы мүмкін емес. Жұмыс істеймін деген ниеті бар адамның екі қолға бір күрек табуына болады. Бұған қаладағы жұмыс орындарының көптеп ашылуы да өз әсерін тигізіп отыр. Байқасаңыз, қазіргі кезде көше бойын жағалап, жұмыс сұрап отыратын ер-азаматтардың қарасы көрінбейді. Бұған жұмыс берушілердің кәсіби оқыту бойынша жүргізіп отырған еңбек шартының да көп пайдасы тиіп жатыр.

Мәселен, еңбек шартына сай мансап орталығы ай сайын салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысына өтемақыны, банктік қызметтерді және экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдерді есепке алмағанда 20 АЕК (69 000 теңге) мөлшерінде жалақы төлеп отырады. Осы жылы Алматыда 1 мың адам кәсіптік оқытудан өтті. Олардың арасында 687 адам – білім беру ұйымдарына, 313 жұмыссыз адам – жұмыс берушілердің жұмыс орнына 3 айға кәсіптік оқытуға жіберілді. Көктемде өткен өңірлік комиссия отырысында кәсіптік оқыту үшін 18 мамандық бойынша 42 жұмыс берушінің тізімі бекітілді. Яғни 687 орын. Жұмыс берушілер де жұмыс орнында кәсіптік оқытуды ұйымдастыру үшін 313 орынға 12 мамандық бойынша 13 жұмыс берушінің тізімін ұсынды.

Аталған кәсіптік оқыту түрлері бойынша бір адамға 50 мың теңге жұмсалып, келісім-шартқа сай 21 787 теңге мөлшерінде шәкіртақы төленді. Сонымен қатар, жұмыс берушілер еңбек шарты негізінде жұмысқа орналасуға да жәрдемдеседі. Келешекте де кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізіле беретін болады.



**Бетті дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.**



ПЕТАНК

ДОСТЫҚ ЖЕҢГЕН БӘСЕКЕ БОЛДЫ



«Спорт күні» мерекесіне орай, Алматыдағы ҚР ИМ Мәкен Есболатов атындағы академиясы базасында петанктен командалық жарыс өтті.

«Спорт – денсаулық кепілі» деп бекерге айтылмаған. Жер жаһан денешынықтыру мен спортты дамыту үстінде. Француздың мына петанк спорттық ойыны да елімізге енгелі бірнеше жылдың жүзі болды. Қазақтың кәдімгі асық ойыны тәрізді ұстамдылық, ептілік пен мергендікке баулитын ойын. Өзіміздің Асықпен қатар, француздың осы бір ойынын шебер меңгерген жастар жетерлік. Бір қызығы, бұл ойын жас пен жасамысты талғаймайды. Икемі бар кісі ойнай алады. «Alatau Aqparat» командасы топ жарып жүлделі болмаса да, бұл ойынға осымен екінші рет қатысып отыр.

«Хош келдіңіздер! Жарысқа қатысушылар, сіздерді бүгінгі Спорт күнімен құттықтаймын! Спорт – әрбірден соң достық пен татулықтың символы. Осыған орай, петанктен ұйымдастырылып отырған сайыста өздеріңізге сәттілік тілеймін. «Спорт – бейбітшілік елшісі» деген рас. Негізі, «спортта бастысы – жеңіс емес, достық жеңеді» деген тәмсіл бар. Солай болатынына

сенемін, – деп, академия бастығы Айдар Сайтбеков жарысқа қатысушыларға тілегін білдірді.

Былайғы жұрт арасында «француз асығы» деп айтылатын бұл спорт түрінен өткен сайысқа алаң иелерінен басқа, республикалық «Динамо» ДСК, «Время» газеті мен «Alatau Aqparat» командалары қатысып, жарыс көрігін қыздырды. Жеңісті қолдан жұлып алардай шама болмағанымен, команда мүшелері намысты қолдан бермей, күш-жігерін аямады. Өріптестеріміз Қайрат пен Айгүл алғаш рет ойнап тұрса да, керемет ойын үлгісін көрсетті.

Алатаулықтар алғашқы сында динамомылықтармен 6:7 есебімен ұтылса, екінші сайыста 4:6 нәтижесімен алаң иелеріне есе жіберді. Бірінші орынды динамомылықтар жеңіп алды. Екінші, үшінші орындарды «Время» газеті мен алаң иелері өзара бөлісті. Жарысқа қатысушылар тиісінше медаль мен марапатқа ие болды.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.



САЛАУАТТЫ ӨМІР

АЛМАТЫ – СПОРТТЫҚ ҚАЛА

Спорт қайраткерлері марапатталды

Спорт күніне орай еңбек сіңірген спортшыларды, атақты қайраткерлер мен спорт ардагерлерін салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

Республикалық және халықаралық жарыстарда қаланың спорттық беделін көтеруге ықпал еткен спортшылар, жаттықтырушылар, спорт ұйымдарының бірінші тұлғаларына, сондай-ақ спорт ардагерлеріне Алғыс хаттар мен медальдар табысталды. Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров қатысушылар мен жеңімпаздарға шын жүректен алғыс білдіріп, олардың спортқа деген адалдығын және салауатты өмір салтын насихаттаудағы ролін атап өтті.

Жиын барысында кәсіби спортта сіңірген еңбегі үшін Чэндуде спорттық гимнастикадан өткен жазғы Универсиаданың чемпиондары Милад Карими және Нариман Құрбанов, бокстан әлем чемпиондары Назым Қызыбай және Алуа Балқыбекова, еркін күрестен Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Айтмұхан Ризабек, «Сен басқасың» жобасының негізін



қалаушы Валихан Тен, «Бірінші болу батылды» корпоративті қорының атқарушы директоры Салтанат Қазыбаева, «Шымбұлақ» тау шаңғысы курортының директоры Ринат Әбдірахманов, еркін күрестен бірнеше дүркін Олимпиада чемпионы Ислам Байрамуков, жеңіл атлетикадан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Әмин Тұяков, сондай-ақ спорт федерацияларының, олимпиадалық резервтегі

балалар мен жасөспірімдер мектептерінің басшылары және ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушылары марапатталды.

«Алматы – Қазақстан өңірлері арасында жазғы және қысқы спорт түрлері бойынша көшбасшы қала. Ұлттық құраманың мыңға жуық спортшысы – қаламыздың түлектері», – деді Әлішер Әбдіқадыров.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

АСЫҚ АТУ

БАС ЖҮЛДЕ – АВТОКӨЛІК

Қалада асық атудан жарыс басталды



«Спорт күніне» орай ұлттық ойын түрі асық атудан қалалық деңгейде жарыс басталды. Ұлттық ойындарды дамытып, жастарға насихаттау мақсатында өткен шараны Sirage media платформасының негізін қалаушы, блогер, инфлюенсер Шоң Өмен ұйымдастырды.

Қалалық гранд-финалының алғашқы іріктеу туры Наурызбай ауданында өтті. Қалған жеті ауданда кезек-кезеңімен ұйымдастырылмақ. Әр ауданнан іріктелген қатысушылар бас жүлде – Renault Logan автокөлігі үшін жарысады. Қатысушыларға арналған орындар саны шектеулі. Жарысқа қатысу үшін 18 жастан асқан ҚР азаматы болу қажет. Атында тіркелген жеке автокөлік болмауы да жарыс талабына кіреді.

Шоң ӨМЕН, блогер, инфлюенсер:

– Мақсат – қала жастарының бойына ұлттық спорттық ойындарды сіңіру. Біздің «#qolda» деп аталатын жобамыз бар. Тек асық ату емес, садақ ату, бәйге сынды дәстүрлі қазақ ұлттық ойындарын өткізуді жоспарлап отырмыз. Алғашқы іріктеу туры Наурызбай ауданында өткізген себебіміз бұл – қаладағы ең алыс орналасқан аудан. Аудандық ойындарда гранд-финалға жеңімпазды іріктеп аламыз, онда сегіз финалист арасында бас жүлде – автокөлік ойнатылады. Қатысу-

шылардың саны шектеулі болды, сол себептен таңдау қиынға соқты. 32 адамның ішінен гранд-финалға 8 адам жолдама алды. Алдағы уақытта мұндай ойындардың қатары артады деген сенімдемін.

Жарыс аясында Амфитеатр сахнасында Наурызбай ауданының «Дарын» білім беру орталығының «Құлагер» театрландырылған қойылымымен мерекелік концерт өтті. Концерттен кейін жарыс жартылай финалмен және финалмен жалғасып, жеңімпаз анықталды. Жеңіске жеткен 28 жастағы Төлеубек Кәрімбеков енді күзде қаланың қалған жеті ауданының чемпиондарымен көлік үшін бақ сынасатын болады.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

ӨНЕР-ӨМІР



Димаш ҚҰДАЙБЕРГЕН

Димаш – әлемдегі айрықша дауыс иесі. Тембр, жоғары мен төменгі ноталарды шебер ала біледі. Ол бүгінге дейін АҚШ, Қытай, Ресей, Еуропаның көптеген елдерінде жеке концертін берді. Тіпті, жанкүйерлері қазақша ән шырқап, қазақтың ұлттық киімдерін киіп, ғаламторға жүктеп, жылы лебізін білдіретіндер қатары артып келеді.

Дінмұхаммед Құдайберген 1994 жылы 24 мамырда Ақтөбеде танымал әншілер Қанат пен Светлана Айтбаевтардың отбасында дүниеге келген.

Қазақ ұлттық өнер университетін «Эстрада вокалы» мамандығы бойынша бітірді.

МАРАПАТТАРЫ:

2014 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты;

«Жыл таңдауы Халықтың сүйіктісі» Ұлттық сыйлығының лауреаты;

2017 жылы Қазақстан Республикасының мәдениет пен өнер саласындағы мемлекеттік стипендиясының иегері;


2017 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қоры сыйлығының иегері;

2018 жылы Қытайда «Weibo Night» салтанатында «Ең танымал әртіс» жүлдесінің иегері.

2019 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атанды.

2021 жылы Димаш Құдайберген Азиядағы ең сымбатты ер адам атанды.

Бұл жігіттің дарынына шек келтірілмейді. Жаһан жұрты жақсы біледі. Тіпті, Джо Байденнің инаугурациясында әні шырқалды. Осының өзі қазақ жігітінің әлемді мойындатқанының бір көрінісі деп білеміз.



Иманбек ЗЕЙКЕНОВ

Иманбек – қарапайым жан. Солтүстік өңір, Ақсу қаласының тумасы. Бала күнінен музыкаға құмартқан. Сөйтіп, әртүрлі тректерді ритмге түсіруді ойлап жүрген. Ол ойына 20 жасында қол жеткізеді. 2020 жылы «Гремми» жүлдесін ұтады.

Оның ремикстерін түгел Еуропа – Нидерланды, Бельгия, Швеция, арысы Америка мен Канаданы шарлайды. Ғаламтордағы Shazam рейтингінің үштігіне енеді. Көптеген тыңдалым жинайды. Дүние жүзі бойынша ең танымал әрі жас музыкант болып есептеледі.

Ол жастардың кумиріне айналып үлгергелі қашан. Талай жанкүйер оның ритмдеріне танданыс білдірді. Қарапайым теміржолшы жігіттің дарыны дүниені дүр сілкіндірді. Ең негізгісі, өз тілінде сөйлеп, жұртына жақын болса деген игі тілегіміз бар.

ӘЛЕМДІ МОЙЫНДАТҚАҢДАР

Жер жүзі ғажайыптардан тұрады. Оны жасайтын – айрықша адамдар. Олар адамзаттың бағытын өзгертетін күшке ие. Әлемге әйгілі тұлғалармен әлем санасады. Бәріміз жаһанға танымал болуды ойлаймыз. Сол үшін барынша тырысамыз. Талпынып, түрлі қадамға барамыз. Десе де, ондай болмаққа ерекше қабілет, дарын, ынта қажет. Бүгінгі адамның мүмкіндігі жоғары.

Ғаламторды ашып, түрлі жетістіктерге қол жеткізуге болады. Бір сәтте күллі дүниені тандандыра аласыз. Бұл жолда шын таланттар бір сәттік бейнеге емес, мәңгілік тұлға болуға талпынары анық.

Халық арасында «Егер адам талантты болса, ол барлық жағынан талантты» деген қанатты сөз кездеседі. Расында, талантқа шектеу жоқ. Соған қарамастан, өз-өзін дамытып, әлемдік аренаға шығып жатқандарға бас иеміз. Соңғы уақыттары қазақ жастары осындай биік тұғырдан көрініп жүр. Тіпті, ғаламдық деңгейге өрлеуде. Осыған байланысты әлемге әйгілі 5 қазақ жайлы деректер топтамасын ұсынамыз.



Жәнібек ӘЛІМХАНҰЛЫ

Жәнібек – Qazaq style-дің негізін қалаушы. Оның жылдамдығы дүниені тандандыруда. Ол – бокс саласы бойынша Америка Құрама Штаттарындағы жас спортшылардың бірегейі. Ұлттық жауһарларымызды танытып жүрген бірден-бір қазақ.

Ол 1993 жылы 1 сәуірде Алматы облысы, Жыланды ауылында дүниеге келген. Кәсіпқой бокста орта 72 келі салмақта өнер көрсететін, жеңіліс көрмеген кәсіпқой боксшы. Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, әуесқой бокста 2016 жылғы Олимпиада қатысушысы. 2013 жылы әлем чемпионы. 2013-2014 жылдары Азия Чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері. WBO Global тұжырымы бойынша 2012–2020 жылдары WBC Continental Americas тұжырымы бойынша жеңімпазы саналады.

Отандасымыз дәп қазіргі сәтте кәсіпқой бокста атой салып жүр. Ең мықтыларды жұдырықтауға шақырып келеді. Осы қарқынынан таймаса екен. Сонда Майк Тайсон сияқты мәшһүр боксшы болып қалар. Ал ондай биік дәрежеге көтерілсе, қазақты әлем тани түседі. Жерлесімізге толағай табыс, тек жеңіс тілейміз!

Димаш ӘДІЛЕТ

Ол – дүние жүзіндегі ең сымбатты ер адам болып танылды. Өзінің арманын орындау жолында барын салды. Ізденді, спортпен шұғылданды. Америкадағы ең танымал сән сахналарына қатысты. Түр сымбаты мен ойы қатар келіскен қазақ жігіті талай арудың жүрегін баурады. Голливудтық танымал актрисалар оның өнеріне тәнті болды. Бүгінде Димаш ең танымал сән әлемінің шок жұлдызына айналды. Өзінің бір сұхбатында «болашақ жарын дүниедегі ең бақытты әйел ететінін» айтты.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Димаш Әділет IQ тестін жоғары нәтижемен тапсырып, әлемдегі ең ақылды адамдардың қатарына қосылды. Ол – Қазақстан тумасы, Гарвард университетінің түлегі. Сонымен қоса, дүниедегі IQ ең жоғары адамдардан құралған халықаралық Mensa International ұйымының мүшесі. Америка Құрама Штаттарында жүрсе де ниеті, жүрегі қазақ деп соғады. Бастысы, қайда сапарласа да, кімді таңқалдырса да аман болсын. Қазақ деген қастерлі, айбынды атқа лайық болсын. Сонда ғана дүние жүзі халқы бізді өте мәдениетті, парасатты, намысшыл халық деп ұғалы. Дүниеде атаққа жету де, оны ұстап тұру да оңай емес. Бауырымыз абырой биігінен түспесе деген ниетіміз бар.

Санжар МӘДИЕВ



Санжар – көпшілікке танымал актер. Көбінесе махаббат, тарихи көркем туындылар, экшн деректі фильмдерімен танылды. Оны басында ресейлік актер деп шатастырғандар да болды.

Өйткені, оның танымалдылығына қуат берген сол елдегі түскен кинолары еді. Бүгінде бойшаң, атжақты, еуропалық келбетті келген отандасымыз шетелдік кинокартиналарының сұранысына ие. Жерлесіміз 1986 жылы Алматыда дүниеге

келген. Жастайынан брэк-данс, қоян-қолтық ұрысқа және жүзу үйірмелеріне қатысты. Лос-Анджелесте кино саласы бойынша мамандығында Film Making білім алды. Осыған дейін 30-дан астам жобаға қатысты.

Шетелдік киногерлер Санжарды түрлі жанрдағы фильмдерге жиі шақырады. Өйткені, оның кескін келбеті қай кинокартинаны да жандандырады. Көрермен қауымға ерекше әсер қалдырады. Соны білгендіктен болар, режиссер атаулы оған ынтық. Санжар Мәдиевтің атағы аспандап тұр. Оны танымайтын жан жоқ шығар. Кино сүйер қауымның сүйікті актеріне айналды. Өзі жас болса да талай фильмдердің басты рөлін сомдады. Бүгінде отандық киноиндустрияда бой көрсетіп жүр. Қазақ киносының мэтріне айналады деген сенімдеміз.

P.S. Біз қайда болсақ та «қарға тамырлы қазақпыз». Бір-бірімізді қолдап, демеп жүруге тиіспіз. Өйткені, өткен тарихта ақстандақтар көп. Соның үшін де ендігі жерде қазақ ғаламды таңқалдыра түсуі қажет. Тарихқа есепіз кетті. Алда біздің ұлтты түрлі жақсылықтар күтеді деп ойлаймыз. Байқағанымыздай, жастарымыз шетінен өнерлі. Әлемді тандандырып келеді. Бастысы, өз тілімізді құрметтеп, руханиятымыздан алшақтамасақ болғаны. Қалғаны өз ретімен келеді. Бір нәрсені қайталап өтейік. Яғни талпынған жетер мұратқа. Құлшына біліңіз. Бәлкім, келесі жұлдыз, дүниені аузына қарататын сіз боларсыз, жас өрен!

Дайындаған
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





ӨМІР-ӨНЕГЕ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Археология ғылыми-зерттеу институтының директоры, ҚР Өнер академиясының академигі Әбдеш Тәшкенұлы Төлеубаевтың бұл өмірден қайтқанына алдымыздағы екі-үш күнде қырық күн толғалы тұр. Бүкіл саналы ғұмырын Отандық тарих ғылымы мен жоғары білім саласында мамандар даярлауға арнаған Әбекең осы жылдың аяғына таман 70 жасқа толатын еді және сол мерейтойына дайындық үстінде болатын. Өкінішке қарай, ол оған жете алмай кетті.

Қазақ халқында қайтқан адамның жамбасы жерге тигеннен кейін жетісін, қырық, жүзін (батыс өңірде) және жылын беру бұрыннан үзілмей келе жатқан дәстүр. Сол күндері арнайы түрде бір Алланың ризашылығы үшін Құранның аяттарынан сүрелер оқылып, марқұмның рухына бағышталады, естелік әңгімелер айтылады. Біз де сол мақсатпен Әбекеңнің қырық қарсаңында бір факультетте 30 жылдан аса әріптес болғандықтан, оншақты жылдай бір диссертациялық Кеңесте жұмыс істегендіктен марқұмның ғылымдағы өмірінен бір-екі өнегелі тұстарын көпшілік қауымға газет арқылы жеткізуді жөн санап отырмыз.

Әбекең 1953 жылы 15 қарашада Қытай Халық Республикасы аумағындағы Шәуешек қаласында дүниеге келген екен. Алты жасында ата-анасымен бірге тарихи Отанына оралып, қазіргі Абай облысы (бұрынғы Семей облысы), Ақсуат ауданы, Көкжыра ауылына тұрақтайды. Осы ауылда онжылдықты бітіріп, 1970 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Тарих факультетінің студенті атанады. Ұстаздары академик Ә.Х.Марғұлан, доцент Ә.М.Оразбаев Әбекеңді тарих ғылымының маңызды салалары – археология, этнология ғылымына қарай бейімдеп, өздерінің ғылыми экспедицияларына қатыстырады. 1975 жылы университетті үздік бітірген Әбекең жолы болып, Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясының Миклухо-Маклай атындағы этнография институтының аспирантурасына түседі де, қазақ халқының исламға дейінгі наным-сенімдері тақырыбын кандидаттық диссертация тақырыбы етіп алады.

1979 жылы бүкіл Одаққа танымал профессорлар Т.А.Жданко мен Г.П.Снесаревтың ғылыми жетекшілігімен диссертациясын өте сәтті қорғап, елге оралады. Сол кездегі университет ректоры, академик Ө.Жолдасбеков жас ғалымның жетістігіне қуанып, оған зор сенім білдіріп, үміт артады, ақыл-кеңесін береді және бірден аға оқытушы лауазымымен қызметке алады. Академик ағасының сенімі мен үмітін ақтауға тырысқан жас ғалым бірден жұмысқа құлшына кірісіп кетеді. Сол жылдан кешегі қайтқан күніне дейінгі Әбекеңнің 44 жылғы өмірі тек университетте өтті, тарихшы мамандар даярлады, ғылыми шәкірттер әзірледі, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты. «Тама берсе тамшы да тас

ҮШІНШІ «АЛТЫН» АДАМ

немесе профессор Әбдеш Төлеубаев туралы бір үзік сыр

жарады» дегендей, тек қана ғылыммен және ұстаздық жолмен айналысқан Әбекеңнің өмірдегі де, ғылымдағы да бар жеткен жетістіктері, алған асулары, бағындырған белестері, шыққан шырлары осы Қазақ ұлттық университетінде өтті.

Енді Әбекеңнің ғылымдағы жеткен жетістіктері мен ерліктері жөнінде қысқаша айта кетсек. Әбекеңнің тарих ғылымында жасаған алғашқы ерлігіне, оның қырық жасқа толмай жатып-ақ докторлық диссертациясын сәтті қорғап, тарих ғылымының докторы ғылыми дәрежесін иеленуі жатады. Қазақта «Отызында орда бұзбаған, қырында қамал алмас» деген сөз бар. Кеңестік кезеңде қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша докторлық қорғап, профессор атағына ие болу тек 50-ден асып 60 жасқа таянғанда ғана жүзеге асатын іс деп есептелетін. Ал 30-дың ішінде докторлық диссертация қорғау нағыз ерлік болып саналатын. Ғылым академиясы жүйесіндегі ғылыми-зерттеу институттарында жұмыс істейтін және аса талантты, ерекше қабілетті мамандар ғана 40 жасқа жетпей докторлық диссертацияларын қорғап жататын. Ондай тұлғалар, әрине, жоқ емес, бар, бірақ саусақпен санарлықтай ғана. Бір-екі мысал келтіре кетсек.

Атақты тарихшы Ермұхан Бекмаханов 33 жасында докторлық диссертациясын қорғап, 34-інде профессор атанса, академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев 1969 жылы 38 жасында, академик Кеңес Нұрпейісов те 1973 жылы 38 жасында докторлығын қорғаған екен. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» деп осындай оза шауып, бәйге алған жандарға айтылса керек. Тарих ғылымының өзіндік ерекшеліктерін ескере келе, біз мұндай тұлғаларды ғылымда ерен ерлік жасаған адамдар қатарына қосамыз. Әбдеш Төлеубаев та аға буын тарихшы ағаларының дәстүрі мен жолын жалғастыра отыра 39 жасында, 1992 жылы докторлық диссертациясын қорғаған тарихшы. Мұны – Әбекеңнің ғылымдағы алғашқы ерлігі деуге болады. Ал өзінің айтуына қарағанда Әбекең докторлық диссертациясының қолжазбасын 35-36 жасында бітіріп қойған екен.

Біз университетте оқып жүрген және алғашқы ұстаздық жолға түскен кезімде факультеттегі алты кафедраның меңгерушілерінің бәрі ғылым докторлары, профессорлар және жастары 60-тың арғы-бергі жағында болатын. Ал Әбекең болса қалыптасқан дәстүрді бұзып, 1989 жылы 30-дың бел ортасында, факультеттегі ең жас кафедра меңгерушісі болды және 20 жыл кафедра басқарып, қаншама шәкірттер даярлады. Мұны да оның әрі жетістігі, әрі ерлігі деуге болады.

Әбекеңді жаңашыл ғалым деуге болады. Ол үнемі жаңа, тың, елдің болашағына арналған ғылыми тақырыптарды зерттеуге ұмтылатын. Ол 30 жасында, яғни 1983-1984 жылдары қазақ диаспорасы мәселесін көтеріп, Ресей мен Өзбекстан аумақтарындағы қазақтардың этнографиясын зерттеуді қолға алып, бірнеше рет экспедиция ұйымдастырды және зерттеу қорытындысы ретінде «Орынбор қазақтары» атты монографиясын шығарды. Бұл бағыттағы зерттеу жұмыстары да Әбекеңнің кезекті жетістіктерінің бірі еді. Осы бағытта бірнеше шәкірттер даярлап, ізбасарлар өсірді.

Кезінде көне түріктер мәселесімен айналысу барысында Л.Н.Гумилев болашақта тарих ғылымындағы ірі жаңалықтар қалай ашылады деген сауалды қоя отыра, оған өзі «гуманитарлық ғылымдардың әр саласы бойынша жаңалықтар ашу күн өткен сайын қиындап



Шілікті қорғаны.

бара жатыр, болашақ жаңалықтар енді осы бір-біріне жақын ғылымдардың ұштасқан тұсында ашылады» деген болатын. Профессор Ә.Т.Төлеубаевтың негізгі тақырыбы исламға дейінгі көне қазақтардың наным-сенімдері, яғни қола дәуірінен карахандарға дейінгі Қазақстан аумағын мекен еткен тұрғындардың наным-сенімдері болғандықтан, оның деректерінің бір бөлігі қытай, араб, парсы және антикалық заман авторларының жазба дерек мәліметтерінде сақталса, ал негізгі бөлігі обалар мен қорғандарда көмүлі күйінде жатты. Оларды табу үшін археологияға бет бұру қажет екендігін түсінеді.

Сөйтіп, Әбекең көп ойланбастан өткен ғасырдың 80-жылдарының ортасынан бастап қола дәуірі, ерте темір кезеңі және көне түрік дәуірінің археологиясына кірісіп кетеді. Зерттеу өңіріне – Шығыс Қазақстан аймағы таңдап алынады. Жиырма жылдай уақытқа созылған археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде Әбекең басшылық жасаған экспедиция бұрын-соңды ғылымға беймәлім боп келген 400-ге жуық ескерткішті тауып, оны зерттейді. Бұл ескерткіштердің әрқайсысы арнайы түрде зерттеліп, олар жөнінде профессор Ә.Т.Төлеубаевтың және оның экспедициясы құрамында болған әріптестері мен шәкірттерінің жарық көрген ғылыми еңбектері бар.

Үздіксіз ғылыми ізденістер жолында жүрген ғалым үшін бір уақытта жұлдызды сәттің туары сөзсіз екені белгілі. Бір ғалымдар үшін ол сәт ерте туса, ал бір ғалымдар үшін кеш туып жатады. Профессор Әбдеш Тәшкенұлы үшін ол сәт ерте де емес, кеш те емес, тура жасында, 2003 жылы туды деуге болады. Осы жылы Әбекең басқарған археологиялық экспедиция Шығыс Қазақстан өңіріндегі Шілікті қорғанынан сақ дәуіріне жататын «алтын» адамды тауып, сенсациялық жаңалық жасады. Табылған «алтын» адам еліміз аумағында реттік саны бойынша үшінші «алтын» адам болды. Әлі күнге дейін есімізде, сол күндері еліміздің барлық газеттері мен акпарат құралдарында «Шіліктінің «алтын» адамы» мен «археолог Әбдеш Төлеубаев» немесе «профессор Әбдеш Төлеубаев» деген сөз тіркестері егіз ұғымдардай қатар айтылып жатты. Шығыс Қазақстан аумағынан табылған археологиялық құнды ескерткіштер әр жылдары Әбекеңнің ғылыми кеңесшілігімен Ресей, Ұлыбритания мұражай-



ларында бірнеше ай бойы қойылып, еліміздің ежелгі және ортағасырлық тарихы бойынша әлем жұртшылығына таныстырылды. Бұл туралы да әлемдік акпарат құралдары кезінде жарыса жазып жатты. Бұл да өз кезегінде ғалымның кезекті жетістігі еді.

Біз өзімізді «Өмір бар жерде өлім де бар» деп, жұбатып жатамыз. Әбекең 70 жылдық мерейтойы қарсаңында үлкен жоспарларды жүзеге асыруды алдына қойып еді. Бірақ оны орындауға кенеттен келген ажал мүмкіндік бермеді. «Ғалымның хаты өлмейді» дегендей, профессор Әбдеш Тәшкенұлының артында қалған мұралары өзіне қойылған ескерткіші ретінде өз халқымен бірге жасай береді. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын, Әбеке!

Берекет КӘРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі,
әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан тарихы
кафедрасының меңгерушісі,
Т.Ғ.Д.



ЦИФРЛАНДЫРУ

УАҚЫТЫҢЫЗДЫ
ҮНЕМДЕНІЗ

Қате есептелген ақшаны
қайтару үшін енді
онлайн-өтініш бере
аласыз

Нұржамал
ӘЛШЕВА

«Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ сұранысқа ие мемлекеттік қызметтерді цифрландыру бойынша жұмыстарды жалғастыруда. Пилоттық жоба негізінде, азаматтарға ыңғайлы болу үшін электрондық үкімет порталы арқылы артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және міндетті зейнетақы жарналарының қате есептелген сомаларын қайтару бойынша сервисі іске қосылды.



Жаңа жоба қызмет алушылар үшін қате аударылған қаражатты қайтару жолын жеңілдетіп қана қоймай, Мемлекеттік корпорация қызметкерлеріне жүктемені айтарлықтай азайтады. Өтінім беру үшін жұмыс берушіге электрондық үкімет порталындағы деректерді толтыру қажет. Сондай-ақ, төлеушінің деректемелерін және оның төлем тапсырмасының деректерін көрсету қажет. Айта кетейік, қате аударылған әлеуметтік және зейнетақы аударымдарын қайтару, жүктілік және 1,5 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша берілетін әлеуметтік төлемдерінің дұрыс есептелуі мен тағайындалуы үшін қажет.

«Бұған дейін жұмыс берушілер Мемлекеттік корпорацияға келіп, ақшалай қаражатты қайтару туралы өтінішті қағаз күйінде тапсыратын. Одан бөлек, өтініштер пошта қызметі арқылы жіберіліп, оларды жеткізу ұзақ уақытты талап ететін. Біз азаматтарға қолайлы болу үшін eGov.kz порталында осы сервисі іске қостық. Енді жұмыс берушілер мен төлеушілер өтінішті онлайн жіберіп, уақытын едәуір үнемдей алады. Сондай-ақ, жаңа сервисінің арқасында қызмет көрсету мерзімі 15 күннен 12 жұмыс күніне дейін қысқартылды. Сонымен қатар, өтініш берушілер өтінішінің қаралу дәрежесін бақылай алады», – дейді Мемлекеттік корпорацияның басқарма төрағасы орынбасары Асхат Ибраев.

Айта кетейік, бұл сервис ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі арасында бірлесіп жасалған бұйрық нәтижесінде іске асырылды.

ЕҢБЕК АДАМЫ

ТАЗАЛЫҚТЫ ЖАНЫМДАЙ СҮЙЕМІН

Алып шаһар Алматыда тұрғын үй коммуналдық шаруашылық мәселесі мен абаттандыру мәселесі айрықша назарда тұрады. Алатаудың баурайында орналасқан алмасымен аты мәлім Алматының тазалығына бейжай қарауға болмайды. Бұл қаланың ішкі тазалығы мен айнала-ортасын жақсарту жолында күнделікті қаншама іс-шара атқарылады десеңші. Соның бәрі шаһарымыздың шырайын сақтау үшін жасалады. Алматының әрбір тазалық сақтаушы – аула сыпырушысы мұны терең түсініп, жауапкершілікпен іске кіріседі.

Айнабай
МӘДИ

Таяуда қоғамдық кеңістікті абаттандыру нәтижесін тексеру барысында, қала әкімі Ерболат Досаев Наурызбай ауданы аумағындағы тұрғындардың демалысы үшін салынған жаңа қоғамдық кеңістікті ашу кезінде: «Алматыда үлкен саябақ салу үшін бос жердің болмауы қиындық туғызады, бірақ тұрғындардың жайлылығы үшін жергілікті деңгейде саябақтар мен скверлер салып жатырмыз» деген болатын.

Міне, сол саябақ, гүлбақ пен гүлзар-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

лардың тазалығын сақтауға әрбір алматылық атсалысуы тиіс. Бұл міндет – әрбірден соң өз қаламызда өмір сүру сапасын жақсартуға деген қажеттілік. Сондықтан алматылықтар мен қала қонақтарына айтарымыз, тазалық сақтаңыздар, айнала-ортаңызды таза ұстаңыздар.

Осы орайда, біз Алматының Бостандық ауданына қарасты «Тазалық» мекемесінің аула сыпырушысы Зейнеш Башкееваны әңгімеге тарттық. Зейнеш апай – он жылдан

бері осы мекеменің аула сыпырушысы. Жұмысы өзіне ұнайды. Алматыда табан аудармай он жыл бойы бір жерде тұрақты жұмыс істеу оңай емес.

«Алматыға Жамбыл облысының Құлан ауылынан келгеніме он жылдан асты. Бір жылдай әр алуан жұмыс істеп жүрдім. Көңілім қоңылтақси берді. Адамға өзі тұрақтылық та қажет екен. Оның үстіне, тазалықты жанымдай сүйетінім бар. Осы жұмысқа орналасқаннан бері өзімді жақсы сезінемін. Бала-шағамның да напақасы табылды», – дейді аула сыпырушы Зейнеш апай.

«Жалақыңызға көңіліңіз тола ма?» дейміз ғой біз де қарап тұрмай. «Құдайға шүкір, жетеді», – дейді Зейнеш. Шүкіршілік еткен қандай жақсы! «Осы жұмыстың арқасында, маңдай терімнің нәтижесінде балаларымды ержеткізіп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырдым. «Шүкір» дейді тағы да.

Зейнеш Башкеева – өз ісіне шын берілген жұмыскер. Мұнысын ісінен аңғарасын. Атқарған жұмысына аса ұқыпты. Сыпырған жерінен қылтанақ таппайсыз. Оны әріптестері мақтан тұтатынын білдік. Демек, Зейнеш – нағыз еңбеккер адам.

Зейнеш апай Алматыдан алыстау болса да, Қаскелеңге жақындау, Шамалған бекетінде тұрады екен. «Қатынап жұмыс істеу қиын емес пе?» деген сауалымызға: «Еш қиындығы жоқ. Мекемеден бөлінген арнайы қызметтік автобус апарады» деп жауап берді. «Жақсы екен» дедік біз.

Еселі еңбек етіп, көркем Алматының көркін ашып жатқан Зейнеш апайға «Еңбегіңіздің жемісін көріңіз!» деген тілегімізді қостық. Бел жазбай жұмыс істеп, қаламыздың тазалығына сүбелі үлес қосып жатқан замандастарымыз аз емес. Зейнеш апай да солардың алғы шебінде жүр.

ЕРЛІК ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

1986 жыл қазақ халқы үшін қасіретті жылға айналған, десек те ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздікке қол созған қасіретті жылдардың бірі. Міне, осы біздің елімізге ғана емес, әлемге дүмпу әкелген Желтоқсан оқиғасы кезінде талай қазақтың қайсар ұлдары мен қыздары ұлт намысын түгіліп алаңға шықты. Талайы темір құрсаулы соқыр саясаттың құрбаны болса, қуғын-сүргінге ұшырағаны қаншама? Желтоқсан оқиғасының орын алғанына отыз жылға жуықтаса да, күні бүгінге дейін қаншама азамат өз құқығын қорғай алмай, зардабын тартып жүр. Желтоқсанды бірі оқиға десе, енді бірі көтеріліс деп нақты саяси бағасын да алмай, мәртебесін анықтай алмай келе жатқаны тағы бар.

Дейтұрғанмен, Жаңа Қазақстанның жаңа саяси көзқарасы Желтоқсан тарихына, оған қатысқан азаматтарға деген бір жылымық әкелгендей, ескерілмегендер еске алынып, Желтоқсаншыларға деген құрмет қайта бас көтере бастады. Соның бір жемісі Желтоқсан көтерілісіне қатысқандарға көше аттары беріліп, олардың ерлік істері бүгінгі жас ұрпаққа үлгі етілуде. Сондай тұлғаның бірі – сол қанды оқиғаның бел ортасында жүріп, шындықты қоғамға жанайқаймен жеткізіп, ақиқат жаршысы болған Ермек Қоштайұлы Иманбаев.

Ермек Қоштайұлы Иманбаев 1966 жылы 2 қарашада Алматы облысы, Талғар ауданы, Калинин ауылында дүниеге келген. Балалық шағы «Қызыл ту» ауылында өтті. Алматы кәсіптік-техникалық училищесінің 4-курсында оқыды.

Ермек 1986 жылы 18 желтоқсанда Талғардағы кәсіптік-техникалық училищенің сабағынан шығып, Алматы қаласындағы Төле би мен Достық көшелерінің бұрышындағы шеруге қосылды. Шеруді Дзержинский (Наурызбай) мен Киров (Бөгенбай) көшелерінің жанында жасақшылар қарсы алады. Қарусыз шерушілер қашуға мәжбүр болды. Сол кезде Ермектің сабақ жазуға алып шыққан қалың дәптері қойнынан жоғалтты.

Соттың үкімі бойынша Ермек Иманбаев 18 желтоқсанда Қазақ КСР әскери комиссариаты мен Шекаралық әскердің басқармасына шабуылға қатысқан және бір топ адамдармен Т-40 трактордың жүргізушісі Тренченконы,

ЖЕЛТОҚСАН БАТЫРЫНА
КӨШЕ АТЫ БЕРІЛДІ

жасақшыларды ұрып-сабауға және әскери комиссариат пен Шекаралық әскердің басқармасының ғимаратын қиратуға қатысқан деген жалған жаланың құрбаны болған еді. Бұл жала жалған куәгер В.Н.Дорониннің Ермектің аты-жөні жазылған, абайсызда түсіріп алған дәптері арқылы жабылып, құқық қорғау орындарына жеткізілген.

Жоғалған дәптер Ермекке бытырап қашқан, төбелескен, терезелерді сындырғандардың орнына жауап беруге мәжбүр етті. Ол кезде шындықты естір құлақтың бәрі керек, саңырау болды. Құқық қорғаушылардың ең басты міндеті шындық үшін алаңға шыққан жастарды қорғау емес, қайтсе де кінәлілерді көбірек тауып, саяси ұпай жинау болған-ды.

Куәгер Тренченко «сағат күндізгі екілер шамасында Комсомол көшесінде Т-40 тракторымен жұмыс істеп жатқанымда бір топ қазақ жастары шабуыл жасап, тас пен темір кесектерін тракторға лақтырды, бірақ

араларында Иманбаев болды ма, анық айта алмаймын» деген. Тағы басқа куәгерлер Иманбаевқа қарсы айғақ келтіре алмаған.

Әйтсе де, КСР Қылмыстық Кодекстің 65-бабымен үш жылға бас бостандығынан айырылып, жазасын күшейтілген тәртіптегі арнайы жабық мекемеде өтеуі туралы сот үкімі тағайындалады. Сөйтіп, біраз зона мен абақтылардан өтеді.

«Аққа Құдай жақ» демекші, Қазақ КСР Жоғарғы Сотының қылмыстық істері

жөніндегі сот алқасының 1991 жылғы 16 қазандағы №2к-1017 ұйғарымы Алматы қалалық соттың 1987 жылы 10 наурыздағы Иманбаев Ермекке қатысты үкімін бұзды және қылмыс құрамы болмағандықтан ісі өндірістен қысқартылды.

Ал 1996 жылы Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы ақталған туралы анықтамасында Ермек Иманбаев жөнінде үкім мен ұйғарымды негізсіз деп таныса, 1993 жылы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР Заңы қабылданғаннан кейін толық ақталған. Бар жастық ғұмырын әділдік іздеумен, өзінің адалдығын дәлелдеумен өткізген Е.Иманбаев бостандыққа шыққаннан кейін денсаулығы күрт нашарлап, екінші топтағы мүгедектікке ұшырайды. Жүрекке түскен ауыр салмақ ақыры азаматты қыршынынан қиды. Елі бар да ер-азаматтардың ерлігі ескерусіз қалмайды.


«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» ҚР Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Алматы облысының комиссиясының 2022 жылғы 30 наурыздағы қорытындысы негізінде және Панфилов ауылдық округі тұрғындарының пікірі ескеріле отырып, «Қызыл ту» ауылындағы жаңа көшеге Ермек Иманбаевтың есімі берілді. Ұлт үшін қандай қиындыққа да тәуекел ететін қайсар ағаларымыз кез кезген марапатқа ие.

Сондай қиын сәттерді басынан өткерген батыр ағаларымызды ұлықтау біздің міндет. Олай болса, жаңа көшеге есімі берілген Ермектей азаматтарымыздың өр тұлғасы жас ұрпаққа мәңгі үлгі-өнеге бола бермек.

Қарлығаш БЕСІРОВА.




МАМАН КЕҢЕСІ

Кенжебек БИЖАНОВ,
аритмолог

АУЫРМАЙДЫ ЖҮРЕК...


ишемиясы болмаса



Жүректің ишемиялық ауруы –
жүрек-қантамырлары ауруларының ішінде
ең көп таралғаны

Жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА) жүрек бұлшықетіне қан алып келуші жүректің тәж секілді қантамырларының май табақшаларымен тарылып, қан ағысының төмендеуімен сипатталады. Тәж артериялары демекші, жүрекке қоректік заттарды жеткізуші қантамырлардың пішіні патшалардың басына киетін тәжі секілді болуына байланысты «тәж артериялары» деп аталады. Латынның «corona» сөзінен келіп шығатындықтан бұл қантамырлардың өткізгіштігін тексеретін медициналық зерттеу әдісін «коронарография» деп атайды. Осыған орай, синоним ретінде коронарлық артерия ауруы деп аталады. Көрнекілік материал ретінде төменде жүректің тәж артерияларының контрасты ерітінді көмегімен жасалған ангиографиялық суретін ұсынамын.

Енді осы жүрек қантамырларының санылауының тарылуына ықпал етуші бірнеше факторлар бар. Оларға дұрыс тамақтанбау, яғни ас тұзы мен жануар текті майларды тағам рационында жиі әрі көп қолдану, қандағы холестериннің жоғарылауы, зиянды әдеттер, әсіресе ұзақ уақыт шылым шегу, алкогольді шектен тыс тұтыну, күйзелістер, аз қимылдау, семіздік, қант диабеті секілді факторлар жатады.




2-сурет. Жүректің тәж артериялары санылауының атеросклероз (майлар мен кальций тұздарының жиналуы) салдарынан тарылуы.

Бұл сырқат жүрек-қантамырлары ауруларының ішінде ең көп таралғаны.

Статистика мәліметтеріне жүгінетін болсақ, 2015 жылы ЖИА әлемде 110 миллион адамды қамтып, 9 миллионға жуық адам қайтыс болды. Ол барлық өлім-жітімнің 15,6%-ды құрайды, бұл дүние жүзінде өлімнің ең көп тараған себебі болып табылады. 1980 және 2010 жылдар аралығында, әсіресе дамыған елдерде белгілі бір жастағы ЖИА-нан болатын өлім қаупі төмендеді. Бұл медицинаның қарыштап дамуымен байланысты. Соған орай, 1990 және 2010 жылдар аралығында белгілі бір жастағы ЖИА жағдайларының саны да төмендеді. Тағы бір ерекшелігі сырқаттың кездесу жиілігі жағынан әйелдерге қарағанда ерлер арасында жоғары.

Генетикалық тұрғыдан алып қарағанда ғалымдардың зерттеу мәліметтері бойынша коронарлық артерия ауруларының тұқым қуалаушылығы 40%-дан 60%-ға дейін бағаланған. Геномдық қауымдастық зерттеулері коронарлық артерия ауруы үшін 160-тан астам генетикалық бейімділік ошағын анықтады.



3-сурет. Атеросклерозға ұшыраған қантамырдың көлденең кесіндісі, боялған гистологиялық микроскопиялық сурет.

Жүректің ишемиялық ауруының алғашқы белгілері – кеудедегі ауырсыну немесе жайсыздық, оның сол жақ иыққа, сол қолға, кейде арқаға, мойынға немесе жаққа өтуі мүмкін. Әдетте симптомдар физикалық жүктеме немесе эмоционалдық күйзеліс кезінде пайда болады, бірнеше минуттан аз уақытқа созылады және демалу кезінде жақсарайды. Сондай-ақ, енгізу пайда болуы мүмкін және кейде ешқандай белгілер болмайды. Соның салдарынан асқынып, инфаркт болғанда барып жүректегі шыдапастай қатты ауырсыну сезімі туындағанда ғана байқайды.

Ауруды ерте анықтау үшін біздің елімізде емханаларда

скринингтік шаралар қарастырылған. Олардың қатарына қандағы қант пен холестерин мөлшерін анықтау, жүректің электрокардиограммасы жатады. Одан әрі жүректің ишемиялық ауруына күдік туса кардиологқа жолданып, толығырақ зерттеулер тағайындалады. Олардың ішінде қанның биохимиялық талдауы, жүктемелік ЭКГ, тәуліктік ЭКГ, эхокардиография секілді толығырақ зерттеулер өткізіледі. Егер ЖИА диагнозы қойылған жағдайда жүрек қантамырларының тарылуы деңгейін анықтап, тиісті дәрі-дәрмектік немесе хирургиялық ем тағайындау үшін науқасқа ең ақырғы зерттеу жоғарыда баяндаған коронарлық артериялардың өтімділігін анықтайтын коронарография деп аталатын зерттеу ұсынылады.

Бұл зерттеу әдісі жүректің тәж қантамырларының өткізгіштігін 100 пайыз нақты анықтайтын зерттеу әдісі. Ол рентгенконтрасты ерітіндіні пайдалана отырып, рентген сәулесінің көмегімен жасалады. Аталмыш зерттеу әлемдік стандартқа жатады. Егер жүрек қантамырларында қан ағысына бөгет болатындай атеросклероздық тарылу болатын болса – оған жіңішке катетер арқылы сол жерге стент деп аталатын қантамырлық протез жеткізіліп, рентген сәулесінің көмегімен бақылай отырып, қантамыры кеңейтіліп, ішіне стент орнатылады, яғни стенттеу отасы жасалады.

Аталмыш ота жүректің ишемиялық ауруын толықтай айықтыра алмайды, алайда сырқаттың өршуін баяулатып, симптомдарын азайтып немесе жойып, өмір сапасын жақсартады және адамдардың өмір сүру ұзақтығын арттырады. Себебі, кенет миокарда инфарктысы деп аталатын асқыну – кейінгі жағымсыз салдарларымен адам өміріне қауіпті, кей жағдайда кардиогенді шокпен, адам өлімімен аяқталады, тіпті болмағанда жүрек ырғағы мен жүрек ішілік өткізгіштік бұзылыстарын шақырады.



4-сурет. Коронарография. Контрасты ерітіндіні тамыр бойымен катетермен енгізу арқылы жасалатын рентгенографиялық зерттеу.

ЖИА пайда болу және даму қаупін азайту жолдары салауатты өмір салтын ұстанып дұрыс тамақтану, үнемі жаттығулар жасау, артық салмақ жинамау, темекі шекпеуді қамтиды. Егер науқаста қант диабеті, қандағы жоғары деңгейдегі холестерин немесе жоғары қан қысымы болса, ол үшін дәрілер қолданылады. Қауіп-қатер төмен топқа жататын және симптомдары жоқ адамдарға скринингтік тексерулер өткен абзал. Емдеу алдын алу, сонымен қатар дәрмектік шараларды қамтиды. Олардың қатарына антиагреганттар деп аталатын дәрілер тобы (соның ішінде аспирин), жүрек тұсы немесе төс арты ашып, күйдіріп ауырғанда миокард инфарктысына жеткізбес үшін жедел көмек ретінде пайдаланылатын нитроглицерин таблеткасы немесе изокет спрейі жатады. Баяндалғандай белгілер болса нитроглицериннің 1 таблеткасын тілдің астына қою керек немесе изокет, изомек спрейінен 1 рет тілдің астына бүркіп шашу керек. 15–20 минут ішінде жеңілдік әкелмесе жедел медициналық көмекке жүгінген абзал. Өйткені, ауруды асқындырып алу әбден мүмкін. Аталған дәрілер жүрек қантамырларын босаңсытып, қан ағысын жақсартады, инфаркт болудан сақтайды.

Қорытындылай келе, аурудың салдарымен күрескеннен гөрі алдын алуға көбірек күш салып, салауатты өмір салтын ұстану, профилактикалық мақсатта 40 жасан асқан адамдар скринингтік зерттеулерден өтіп тұру, аурудың алғашқы симптомдары пайда болғаннан бастап дәрігердің кеңесіне жүгіну, диагноз қойылған жағдайда кардиологтың үнемі бақылауында болу, тағайындалған ем шараларын, дәрмектерді тұрақты қабылдау созылмалы жүрек жетіспеушілігі мен жүрек ырғағы бұзылыстары секілді асқынулардың алдын алуға көмектеседі.



«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

КӘСІБИ ЖАРЫС

«ОҢТҮСТІК» ҰЛАНДАРЫ ӨЗАРА БАҚ СЫНАДЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы «Үздік жүргізуші» мен «Үздік БТР экипажын» анықтады. Алматы облысының Жетіген кентіндегі әскери базадағы сайысқа Қызылорда, Шымкент, Тараз, Талдықорған және Алматы қалаларынан келген 10 әскери бөлімнің кіл мықтылары қатысты.

БТР жүргізу (экипаж құрамында жүргізу), БТР-ден оқ ату, жүріп бара жатып және қысқа кідіріс жасай отырып жылжымалы нысандарды пулеметпен ату, автомобиль жүргізу, техникалық дайындық бойынша нормативтер орындау, БТР-мен тереңдігі 4 метр су кедергілерінен өту, автомобильді теміржол платформасында тиеу – міне, Жетігендегі әскери базада ұйымдастырылған оңтүстіктің үздік БТР экипаждары мен әскери көлік жүргізушілерін анықтау сайысының негізгі міндеттері.

Үш күнге созылған сайыс барысында құқықтық тәртіп әскерлері арасында ұйымдастырылып отырған дәстүрлі байқауда жауынгерлер темір тұлпарлармен түрлі кедергілерді басып өтіп, нысанаға ағудан мергендіктерін танытты. Ал КамАЗ жүргізушілері жылдамдығы мен ептілігін байқатты.

– Конкурстың басты мақсаты – практикалық дағдыларын арттыру және үздік жүргізушілер мен БТР экипаждарын анықтау. Дәстүрлі түрде өткізілетін байқауда әскери қызметшілер атыс және дене дайындықтарынан, әскери техника мен қару-жарақтың материалдық бөліктерін білуден және медициналық дайындықтан сынақтар тапсырады. Түрлі қару-жарақ түрлерін бөлшектеу және қайта жинаудан нормативтер орындайды. Қорытындылау кезеңінде көлік жүргізудегі шеберліктерін сынга салады. Ең бастысы осы, – дейді бронды танк қызметінің бастығы, подполковник Сергей Русляков.

Бірінші болып жарыс жолына шыққан БТР экипаждары әскери техниканы орнынан қозғалту уақытынан бастап, жоғары жылдамдықта нысананы көздеп ату, тереңдігі төрт метр болатын су толы бассейнді қателік жібермей жүзіп өту, ирекжолдағы кедергілерді артта қалдыру бойынша шеберліктерін көрсетті. Темірдей төзімді қажет еткен сайыста бағы жанғандар емес, бабы шапқандар ғана көзге түсті. Бұл БТР экипажының механик жүргізушісінің ғана емес, сондай-ақ экипаж командирі мен нысанашының да шеберліктері сынга түскен сағат болды.

Экипаж мүшелері БТР-мен түрлі бөгеттерден, судан мүдірмей өтіп, шеберліктерін байқатты. Сегіз доңғалақты ауыр техника барлық кедергілерді басып өтіп, нысана ату орталығына да келіп жетті. Бұл жерде ұландықтарға арнайы оқ-дәрі берілгеннен кейін, олар оқ өтпейтін техника мен жаяу әскердің көзін жойды. Нысанадан мұлт кеткендері де, уақыт жоғалтқандары да болды. Бастысы, мамандар жоғары шеберліктерін танытты. 6698 әскери бөлімінің экипажы барлық нысаналардың көзін жойып, үздік нәтиже көрсетті. Сондай-ақ, межеге 3 минут 30 секундта жетіп, ең үздік экипаж атанды.

Екінші кезекте жарыс жолына КамАЗ жүргізушілері шықты. Жүргізушілер бес шақырым жолдағы барлық кедергілерден өту, шеберлігін көрсету бойынша өзара сынасты. Олар ешбір қателікке жол бермеуге тырысты. Себебі, ереже бойынша барлық кемшіліктер есепке алынып, ұлайлары төмендетіледі. Бұл сыннан өту кез келген қатысушыға оңай соқпағаны белгілі. Өзгелерден озып шығу үшін олар ұзақ уақыт бойы

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 4 айға – 2402 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 4 айға – 6482 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен УОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

дайындық жүргізген. Осы сынақтардың барлығынан сүрінбей өткен Тараз қаласының 5513 әскери бөлімінің жүргізушісі, ефрейтор Елдос Төлбаев 10 ұжымның ішінен суырылып алға шықты.

Жарыстың соңғы күнінде өскелең ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті, маңызды рухани-нақыштық және әлеуметтік құндылықтар ретінде патриотизмді тәрбиелеуге, олардың бойында кәсіби маңызды қасиеттерді, олардың қоғам өмірінің түрлі салаларында белсенді түрде танылуына ақыл-ой мен дайындықтарын қалыптастыруға бағытталған ашық есік күні өткізілді. Бұл іс-шараға әскери қызметшілердің балалары мен отбасы мүшелері қатысты.

– Бірнеше жылдан бері әскери қызметшілердің отбасы мүшелерін балаларымен бірге шақыртып, осы іс-шараны тамашалауға қатыстырып жүрміз. Бұл дегеніміз, бірінші кезекте балаларды патриоттық рухта тәрбиелеу. Бүгінгі жастар – еліміздің ертеңгі болашағы. Болашақ тізгінін ұстайтын жас патриоттарымыз бәрін білгені дұрыс. Отанды сүю – отбасынан басталады, отансүйгіштік қасиетті қалыптастыруда отбасы тәрбиесінің маңызы зор. Сондықтан әскери бөлімдерде өткізілетін осындай іс-шараларға әскери қызметшілерді отбасымен бірге қатыстырудың пайдасы бар екенін айта кету керек, – дейді «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы, генерал-майор Талапкер Әміреев.

Мұндағы қойылған әскери техникалар мен қару-жарақ түрлері балалардың қызығушылығын оятты. Алған әсерлерін жасырмады.

– Бүгінгі іс-шарадан алған әсеріміз өте керемет болды. Менің әкем Отан қорғаушы. Осы аталған іс-шара барысында әкемнің қызметімен таныстым. Мені әскери техникалар мен қарулардың алуан түрі қызықтырды. Оларды қолмен ұстап, ішіне кіріп көрдім. Әскери сала өте қызықты екен. Әскерге деген талпынысым да арта түсті. Алайда, Отан қорғау жауапты іс екенін де түсіндім, – дейді старшина Әділ Қалтабаевтың ұлы Серік Санжар.

Әсіресе, салмағы 13 тонна болатын темір БТР-дің су бетінде еркін жүзгені әскери қызметшілердің балалары үшін аса қызығушылық туғызды. Жарысты қызықтауға келген ата-аналар балалары үшін ашық есік күнін ұйымдастырған басшылыққа ризашылықтарын білдіріп, алғыс айтты.

Сайыс қорытындысы бойынша жүргізушілер арасында жеке біріншілікте 5513 әскери бөлімінің аға маманы – аға жүргізуші ефрейтор Елдос Төлбаев «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының үздік жүргізушісі атанды. 5547 әскери бөлімінің аға маманы, сержант Дархан Омаров 2-орын иеленсе, 6506 әскери бөлімінің жүргізушісі, 3-сынып сержанты Бабыр Танқыбаев 3-орынды місе тұтты.

Ал БТР экипаждары арасында командалық біріншілікте жинаған ұпай сандары бойынша 6698 әскери бөлімінің әскери қызметшілері «Үздік БТР экипажы» деп танылды. Екінші және үшінші жүлделі орынды 5571 әскери бөлімі мен 5514 әскери бөлімінің БТР экипажы өзара бөлісті.

Барлық жеңімпаздар құрметке бөленіп, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы, генерал-майор Т.Әміреевтің атынан диплом алып, кубок және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Кедергілер мен тосқауылдарға қарамай, кез келген белестерді бағындыратын ұландық жүргізушілер бұл жолы да өздерінің қандай сынаққа болса да дайын екендіктерін дәлелдеді.

Айта кетейік, бұл сайыста жеңіске жеткендер Ақтөбе қаласында өтетін Ұлттық ұлан біріншілігінде оңтүстіктің намысын қорғайтын болады.

Бақыт ӘЛІПБАЕВ,
подполковник,

«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Саымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



● ТІЛІ БАСҚА – ТІЛЕГІ БІР

АЛМАТЫДА «КОРЕЙ МӘДЕНИЕТІ КҮНІ» ӨТТІ

Іс-шараға Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, Корея Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Пак Нэ Чон, республикалық мемлекеттік академиялық корей музыкалық комедия театрының, «Қазлоте» ЖШС, «МІКО» ЖШС өкілдері, Алматы қаласы мәслихатының депутаты, Алматы Корея ұлттық орталығының төрағасы, «Шин-Лайн» компаниялар тобының президенті Андрей Шин қатысты.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Салтанатты іс-шара барысында Корей этносының мәдениеті, салт-дәстүрлері мен ұлттық тағамдары таныстырылды. Шығармашылық ұжымның жанды үрмелі оркестрі, «Азот

шоуы», «Сабын көпіршіктері шоуы» өнер көрсетті. Концерттік бағдарлама соңы сурет көрмесіне ұласты.

Георгий КАН,
Алматы Корея ұлттық орталығы
төрағасының орынбасары:
– Алматының Орталық мәде-

ниет және демалыс саябағында Корей мәдениеті күнін атап өту 1989 жылдан бері дәстүрге айналған. Міне, 34 жыл бойы тамыз айының ортасында қала тұрғындары мен қонақтары үшін «Корея мәдениеті күндерін» өткізіп келеді. Бұл 15 тамыз – Кореяны азат ету күнімен байланысты. Алматы Корея ұлттық орталығында 20-дан астам шығармашылық ұжым бар. Дәл осы күні біз жетістіктерімізді көрсетіп, Оңтүстік Кореядан, Қазақстанның басқа да облыстарынан қонақтар шақырамыз. Мереке Қазақстан халқы Ассамблеясының қолдауымен өтуде. Біз үшін бұл күн – корей этносының мәдени құндылықтарын таныстыру күні.

Мерекелік концерттің ресми ашылуы Алматы Корея ұлттық орталығының төрағасы Андрей Шин мен Корея Республикасының Бас консулы Пак Нэ Чонның қатысуымен өтті.

«Корея мәдениеті күні – достық пен бірліктің асмосферасы сезілетін үлкен мереке. Бүгінгі жиынға келушілер бұрынғыдан да көп екенін байқап отырмын. Оңтүстік астана тұрғындары отбасымен, достарымен мерекені атап өтуге келіп отыр. Қазақстан халқы Ассамблеясына, Корея Республикасының Алматы қаласындағы консулығына, мерекенің ойдағыдай өтуіне атсалысқан басқа да әріптестеріме алғыс айтқым келеді», – деді Алматы Корея ұлттық орталығының төрағасы Андрей Шин.

● КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІНЕН

ҚАУЫН ДӘМІ ТАҢДАЙДАН КЕТПЕЙДІ

Еліміздің оңтүстік аймағы егіншілікке бейім. Ол жақтағы халық ерте көктемнен қимылдайды. Кетпен ұстап, тырма, күрек, айырды қолға алады. Қыстан жиналған қиды егіс даласына төгеді. Қар еріп, жер жылынып, көк шыға бастағанда жер жыртады. Әр жерде сояудай болып қалып кеткен құраған шөптерді өртейді. Осылайша қызу тірлік басталады.

Өлі есімде, кішкене күнімізде қауынды көп егетінбіз. Көбісі жүйек бойынша егеді. Дән тастағанда кара қауын, сарыжау, әміре, әңгелек, мырзашөл, торлама және т.б. деп бөлінеді. Соған ала жаздай қараймыз. Ұяның айналасы арам шөптерден тазарады. Тыңайтқыш дәрі беріледі. Әбден бапталады. Мезгіл-мезгіл суғарылады. Осылайша күзге таман піседі. Сыр бойының 45 градустан астам ыстығы миды кептіріп жібере жаздайды. Сонда да жұрттың біразы диқаншылықпен айналысады. Қауын-қарбызды ит-құстан қорғайды. Аспаннан оны қарға шұқиды. Жердегі



шағал, борсық жарып кетеді. Жылқы мен сиыр егіннің нағыз жауы. Кейде уақ мал маза бермейді. Көбісі атыздың басына күрке, егістік ортасына қарақшы құрады. Көлеңкеде тыныстап алып, түске дейін де, түстен кейін де іске кіріседі. Әйтеуір бітпейтін бейнет. Кейбір алыпсатарлар егін басынан қауынды үлкен көліктерге тиіп алып кететін. Ол болмаса, Шиелі,

Қызылордаға жүк көлігін жалдап тасимыз. Қалада 2-3 күндеп тұрып сатады. Алушылардың талғамы әртүрлі. Оған да үлкен һәм сабырлы жүйке қажет. Әйтпесе, шыдас беру, тұрған жердің тұрақақысын беру, өнімді пұлдап өткізу еріккеннің ісі емес. Осының бәрі зор еңбектің арқасы.

Күз болса түгел қауын атаулы піседі. Ауылдықтар қак тіледі. Дәмі тандай қакқызады. Тәттілігі бірінен-бірі асады. Ас-ауқат жеуді қойып, тіпті бірыңғай нан мен қауынға көшеді. Ел жаққа бара қалсаң әлі де егін егіп, үйіне тонналап қауын жинап жатқан бір адам. Бұл үрдіс көпке дейін жалғасын табады. Өйткені, бұл – біздің ауылдың негізгі шаруасы.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.